



АЖАЛДАН ҚҰТҚАРҒАН АЗАМАТ

Түркия Бас консулы
Шүкір Гүнайды
марапаттады

4

ЭКОНОМИКА




БАЙЛАР САЛЫҒЫ

Қазақстанға қандай
пайда әкеледі?

6

ОЙТАМШЫ



ЗӘУЛІМ ЗИРАТ

өліге керек пе, әлде
тіріге керек пе?..

12

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №93 (6386) 5 тамыз, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

САРАПТАМА

ҚАЗАҚСТАН-АУҒАНСТАН: ҚОС ТАРАП ТА МҮДДЕЛІ



Астанада 2-3 тамыз аралығында Қазақстан мен Ауғанстан бизнес форумы өткені мәлім. Онда сауда қатынасын дамытуға қос тарап та мүдделі екені анық болды. Қазіргідей күрделі жағдайда барлық елдер үшін азық-түлік қауіпсіздігі басты орында тұр. Ауғанстан үшін қазақстандық экспорт сол елдегі азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі. Ал біз үшін экспорт бағытын әртараптандыру мен кең нарыққа жол іздеуде «тәліпті таянып, ауған жотасынан асу» керек болды.

2

TOUR OF WORLD CLASS ALMATY

ЖЕКСЕНБІДЕ ЖОЛДАР ЖАБЫЛАДЫ

Алматыда әуесқойлар веложарысы өтеді



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

6 тамыз күні Tour of World Class Almaty веложарысының өтуіне байланысты қалада кейбір жолдар жабық болады. Әуесқой велосипедшілерге арналған жарыста әрбір қатысушы өзін нағыз велошабандоз ретінде сезініп, өзінің барлық мүмкіндігін көрсете алады.

Жарысқа қатысушылар арнайы медалімен марапатталады. Абсолютті санатта 48,5 шақырым қашықтықта ерлер мен әйелдер арасындағы ең жылдам спортшылар тек құрметті атаққа ғана емес, ақшалай сыйлықтарға да ие болады: бірінші орын – 100 000 теңге, екінші орын – 80 000 теңге және үшінші орын – 60 000 теңге. Әртүрлі жас санаттарындағы 48,5 шақырым, 33,5 шақырым және 14 шақырым қашықтықтағы жеңімпаздар арнайы медальдарымен және бағалы сыйлықтарымен марапатталады. Веложарыс сәресі «ALMATY ARENA» көпфункционалды кешенінің аумағында басталады. Tour of World Class Almaty ұйымдастыру комитеті мегаполис тұрғындары мен қонақтарына веложарыс күні жарыс өткізілетін жерлердегі жолдардың кейбір бөліктерінде қозғалыс ішінара жабылатыны туралы хабарлайды.

5

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

5.08.2023

Түнде:

+23+25 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+36+38 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

6.08.2023

Түнде:

+23+25 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+35+37 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші
жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 15-20 м/с

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



САРАПТАМА

ҚАЗАҚСТАН–АУҒАНСТАН:
ҚОС ТАРАП ТА МҮДДЕЛІ

(Басы 1-бетте)

Бірақ соған қарамастан тәліп өкілдерінің Астанаға келуі, олармен түрлі бағыттағы қарым-қатынасты дамытуға байланысты кереғар пікірлер де болды. Соның өзі қазақ-ауған қатынасында қос тараптың бірдей мүдделі тұстары қайсы деген мәселені терең қаузау керектігін көрсеткендей.

**КӨРШІМІЗДІ БІЗБЕН
БӘСЕКЕЛЕСКЕ АЙНАЛДЫРДЫ**

Астанадағы бизнес форумы аясында сауда-іскерлік қарым-қатынастарын дамытуға мүдделі екенін екі ел өкілдері де растады. ҚР Премьер-Министрінің орынбасары, Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин де өз сөзінде: «Біз Ауғанстанмен қалыптасқан сауда-экономикалық, көлік-логистикалық және энергетикалық байланыстарды сақтауға мүдделіміз», – дегені бар. Егер тереңдей қарастыратын болсақ, бұл Қазақстанның Ауғанстанмен қарым-қатынасты дамытудағы негізгі бағыты және көздеген мүддесі екенін көреміз. Былайша айтқанда, экспорттағы негізгі бағыттарымыз бойынша қазіргі тап болған қиыншылықтар бізге Ауғанстанды басып өтетін оңтүстік бағыттағы сауда дәлізін ашу қажеттілігін тудырады.

Тағы бір назар аударатын мәселе – Ресей факторы. Ресейге салынған санкция және оның астық келісімінен шығуы секілді жайттер солтүстік көршімізді бізбен астық нарығында қауіпті бәсекелеске айналдырды. Былайша айтқанда, қазақстандық астық экспортының «дәстүрлі аймағына» айналып келе жатқан Ауғанстан, Пәкістан, Өзбекстан, Тәжікстан, Шығанақ елдері сынды бағытта енді ресейлік саудагерлер де жаңа екпінмен аралап жүр (Бұл туралы газетіміздің өткен санында сарапшы Айбар Олжай тереңдей түсіндіріп өткен болатын). Міне, осының өзі де бізді Ауғанстан және ол арқылы өтетін экспорттық орнымызды екіжақты байланыстарды дамыта отырып қайта бекемдеу қажеттігін тудырды.

Ал Ауғанстанның бізбен сауда-экономикалық байланысты дамытуға деген мүддесі неден туып отырғаны жұртқа мәлім. Бір ауыз сөзбен айтқанда, біз Ауғанстандағы азық-түлік қауіпсіздігі үшін аса маңызды ел болып



саналамыз. Ауғанстан – қазақстандық астық өнімдерін импорттаушы үлкен нарықтың бірі. Бір ғана мысал келтірейік, 2021 жылы ауған жеріне 895 мың тонна ұн экспорттаған болса, былтыр 1,3 миллион тонна жеткізген. Қазір елдегі тәліптердің билігі үшін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету аса маңызды. Себебі, БҰҰ-ның өткен жыл соңындағы мәліметінде аталған ел халқы ашаршылық қаупінде екені айтылған. Бұл тұрақтылықты енді ғана қамтамасыз ете бастаған тәліп билігі үшін басты мәселе ретінде қарастырылатыны сөзсіз. Оның үстіне, тәліптер түрлі белсенді дипломатиялық, сауда-экономикалық іс-қимылдар арқылы ел ішінде және сыртқында өздерін легитимді еткісі келеді. Бірақ бір нәрсе анық, біздің сауда-экономикалық мүдде тұрғысынан қарым-қатынас орнатуымыз тәліптерді ресми түрде мойындау деп саналмайды.

**ЖАСЫРЫН НАРЫҚ НЕМЕСЕ
ЕЛЕУЛІ ДЕ ЕЛЕУСІЗ АУҒАНСТАН**

Ауғанстанмен қарым-қатынасты дамытуға байланысты кереғар пікірдің болатыны

рас, әрі оның да өзіндік негізі бар. Ең алдымен, «Талибан» ұйымының біздегі ресми статусы. Бұл бізге ғана емес, Ресей, Қытай, араб елдері секілді ауған жұртымен өз мүддесі тұрғысынан қалайда қарым-қатынас орнатуға мәжбүр барлық тараптар үшін ыңғайсыз жағы. Соның өзінде біз мойындасақ та, мойындамасақ та, ауған жеріндегі қазіргі реалистік түзілісте тәліптерден ауқымды билік платформасы жоқ.

**ОРТА АЗИЯҒА ҰШЫРМАҒАН
МАҢЫЗДЫ**

Сонымен бірге, Ауғанстанмен байланысты дамыту Қазақстанның экспорттық бағыттарын әртараптандыруға қатысты екенін ескерген жөн. Қазіргі сыртқы әлемдегі геосаяси жағдайларға байланысты Қазақстанның осыған дейін сүйеніп келген экспорттық дәліздері үлкен қиындыққа ұшырап отырғаны жұртқа белгілі. Ел экономикасының күре тамыры бір бағытқа ғана тәуелді болуы түбірлі мүддемізге үлкен зиян жеткізерін анық түсіндік. Сондықтан да қазір мемлекет тарабы түрлі елдермен сауда-экономикалық қарым-қатынастарды алға тарта отырып,

негізгі экспорт жолдарын, теңізге шығатын қауіпсіз, сенімді, әрі барынша жылдам нұсқаларын қарастыру үстінде.

Әрине, Ауғанстан енді ғана салыстырмалы түрде ішкі тұрақтылыққа ие болып келеді. Тәліптер ұзақ мерзімге елдің заңды билігі болып қала ма, қалмай ма деген сауалдар әлі де өзекті. Оның үстіне ішкі саяси жағдайлар, есірткі және терроризм қаупі, әлеуметтік дағдарыс батпағындағы елдің қал-ахуалы және т.б. себептер Ауғанстанмен баянды қарым-қатынас орнату қиын деген ой тудырады. Бірақ біз Ауғанстанның Орта Азия үшін, тіпті Еуразия үшін аса маңызды ел екенін мойындауға тиіспіз. Ауғанстанды мұндай маңызды еткен нәрсе ең алдымен оның географиялық орналасуындағы артықшылық. Тұтас тарих бойында өркениеттерді, ел мен елді, аймақ пен аймақты тұтастырып жатқан «Азия жүрегі» деген атқа ие өңірдегі ел. Алыс құрлықтан АҚШ-тың 20 жыл бойы бұл елде әскер ұстап отыруы тегін емес. Ауғанстанға ықпал ету арқылы Вашингтон белгілі деңгейде Азиядағы ірі ойыншыларға ықпал еткен еді.

Ауған жеріндегі 40 жылдық соғыс мемлекет экономикасын тұрлатып, халықтың әлауатын нашарлатты. Дегенмен, Ауғанстандағы осы тұрақсыздық кезеңіндегі демографиялық өсімі таңдандырады. Соғыс басталмас бұрын 17 миллион шамасындағы ауған халқы, қазір 41 миллионға жетті. Бұл ең әуелі үлкен нарық ретінде менмұндайды. Ондағы халықтың сатып алу қабілеті қазірше төмен болғанымен, ауған жұртын «аш нарық» деп сипаттауға болады. Астанадағы форумда қазақстандық өңделген өнімдерді экспорттауды баса қарастыру себебі де сондықтан. Міне, мұның бәрі қазақ-ауған қарым-қатынасын дамыту масштабты әрі салмақты себептерден болып тұрғанын көрсетеді.

Естай БОЖАН,
сарапшы.

БАЙЫПТАМА

Батыс басылымдары соңғы күндері АҚШ-тың экс-президенті Дональд Трамп өзіне қарсы өтетін сотқа келді деп жарыса жаза бастады. Алайда, бұл процесс күні бүгін басталған жоқ. Мұндай істер ол билікте болған кезден бері жүрде. Жағдайды соңғы кездері өршітіп отырған оның саяси амбициясы. Ол екінші рет президент болуға мүдделі. 2024 жылғы сайлауға дайындықты әлдеқашан бастап кетті.

**ДЕМОКРАТТАРДЫҢ БАСТЫ
ҚАРУЫ – СОТ ЖҮЙЕСІ**

Америка Құрама Штаттары әлемдік демократияның символы. Содан болар, әлемдегі ең күрделі саяси жүйе қалыптасқан. Мұнда ұзақ жылдан бері екі саяси партия билікке таласып келеді. Бір жағы демократтар болса, олардың басты бәсекелесі – республикалықтар.

Қазір екі партия арасында қызу бәсеке жүрде. Оған 2024 жылы өтетін президент сайлауы себеп болып отыр. Саяси бәйге экс-президент Д.Трампың үміткер боламын деген мәлімдемесінен кейін қызға түсті. Ол бұл туралы 2022 жылдың қаңтарында айтып еді. Аризона штатында оны қолдап митинг өтеді. Бұл мәлімдемені сол кезде жариялаған. Оның бұл шаттағы таңдауы бекер емес. Аризона үнемі республикалықтарды қолдап келген штат. Ол 2016 жылғы сайлауда осы штатта жеңіп еді. Бірақ 2020 жылы күтпеген жерден штат Джо Байденді қолдады.

Бұл мәлімдемеден кейін демократтар іске кірісті. Партияның басты қаруы сот-құқықтық жүйе. Биыл Трампқа қарсы бірнеше іс қатар түрлі штаттарда жүрде. Кейбіреу-



лері бойынша тергеу жұмыстары жүргізіліп жатса, екі іс бойынша сот процесі басталды. Биыл сәуірде президент болған кезде әйелінің көзіне шөп салды деген айып бойынша істі жабуға ұмтылды деген айып тағылды. Бұл іс Нью-Йорк федеральды сотында қаралуда.

Одан кейін маусым айында оның үстінен тағы бір қылмыстық іс қозғалды. Оған құпия құжаттарды дұрыс қолданбады деген айып тағылып отыр. Ал соңғы іс бойынша сот 3 тамызда басталды. Вашингтонның соты оған 2021 жылы Капитолийге жасалған шабуылға түрткі болды деген айып тағуда. Ал Трамп болса бұл істердің бәріне демократтарды айыптап отыр. Оның айтуынша, олардың басты мақсаты сайлауды кампанияға кедергі келтіру. Экс-президенттің сөзінің жаны бар. Себебі, бір топ демократтар соңғы сот процесінің

жария өтуін талап еткен. Олар 2021 жылғы оқиғалар демократияға қайшы дейді.

**ТРАМП САЯСИ АҢЫЗДАРДЫ
ҚОЛДАНУДЫҢ ХАС ШЕБЕРІ**

Демократтардың сайлаудағы басты қаруы сот жүйесін өз мақсатына қолдану болса, Трамп қоғамның сезімдерін басқаруды әдетке айналдырған. Алғаш рет 2016 жылы жеңіске жеткен кезде де, одан кейін 2021 жылы сайлау нәтижесімен келіспейтін наразылардың Капитолийге басып кіруінде де осындай саяси технологияны қолданды.

Саяси аңыздарды жасау және сол арқылы қалың бұқараны басқару технологиясын көп саясаткерлер қолданады. Мемлекет пайда болғаннан бері қолданылып келеді десек, артық етпес. Оны әсіресе, авторитар, диктатураға бейім адамдар қолданады.

**САЯСИ АҢЫЗДАР КЕҢІНЕН
ҚОЛДАНЫЛАДЫ**

Саяси аңыздарды колониалды елдер де жиі қолданған. Мысалы, патша үкіметі кезеңінде жоңғар шапқыншылығы жайлы аңыз әлі күнге дейін қазақ қоғамына әсер етуде. Бертін келе Кеңес Үкіметі ұлттар достығы аясында қазақ халқы меймандос, қонақжай халық деген аңызды өмірге әкелді. Бұл аңыз да бүгінгі күнге дейін қоғамдық-саяси жағдайға әсер етуде. Кез келген этносаралық дағдарыста ақсақалдар институты ортаға түсіп, басу айтқанда халықтың санасына сіңген көзқарастарды қолданады. Шындығында, меймандостық пен қонақжайлылық қазаққа ғана тән қасиет емес. Бізде бұл қасиет бар екені рас. Алайда, мұны саяси құрал ретінде қолдану тиімді емес. Дауды уақытша ғана шешеді. Негізі бұл құралдың орнына заң институттары жұмыс істеуі тиіс.

Біз жоғарыда демократтардың саяси мақсатына жету үшін сот-құқықтық жүйені қолданатынын жаздық. Ал Трамп билікке жету үшін саяси аңыздарды қолданады. 2016 жылы президент сайлауына Дональд Трамп пен Хиллари Клинтон басты қарсыластар болды. Сайлауды кампания кезінде «пиццагейт» деген конспирологиялық «қастандық теориясы» (теория заговора) қоғамда кең тарады. Оның басты мақсаты Клинтонның саяси беделін түсіру еді. Бұл теорияға сәйкес, Клинтон мен өзге де демократиялық партия өкілдерінің балаларды азаптайтын құпия ұйыммен

байланысы бар-мыс. Олар Comet Ping Pong пиццериясында жиналып, балаларды азаптайтын түрлі діни рәсімдер жасайды-мыс.

Трамп президент болған тұста Америкада тағы бір конспирологиялық теория тарады. QAnon деп аталатын теория бойынша әлемді және Американы құпия сатанист-педофильдер басқарады-мыс. Олардың ойынша, бұл ұйымға демократиялық партия өкілдері, голливуд жұлдыздары және өзге де белгілі тұлғалар кіреді. 2021 жылы Капитолийді басып алуға осы теорияны қолдайтындар қатысқан деген ақпарат та бар.

Экс-президентті қолдаушылар тағы бір конспирологиялық теорияны кенінен таратады. Бұл теория бойынша сайлау нәтижесіне сыртқы күштер (мемлекеттер) әсер еткен, сондықтан Трамп сайлауда жеңілген. Бұдан шығатын қорытынды ХХІ ғасырда да саяси аңыздар кенінен қолданылады. Тіпті, Америка Құрама Штаттарының өзінде де.

Ал келесі жылы өтетін сайлауға келер болсақ, Трамп республикалықтардың негізгі үміткері болса да, жеңіске жетуі қиын болмақ.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ТРАМПҚА ҚАРСЫ СОТ БАСТАЛДЫ

Бұл оның келесі жылы өтетін сайлауға қатысуына кедергі болмақ



КЕҢЕС

КЕН ОРЫНДАРЫ МЕМЛЕКЕТКЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ



ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр қатты пайдалы қазбалар мен көмірсутек шикізаты кен орындарын мемлекет меншігіне қайтару мәселесі бойынша кеңес өткізді.

Үкімет шарт талаптарын бұзған жер қойнауын пайдаланушылармен жасалған келісім-шарттар мен лицензияларды қайта қарау бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Осылайша жүргізілген талдау нәтижелеріне сәйкес уәкілетті органдар 118 келісім-шартты (2023 жылдың басынан бері – 19

келісім-шарт) және қатты пайдалы қазбалар (ПКК) бойынша 245 лицензияны (2023 жылдың басынан бері – 42 лицензия), сондай-ақ көмірсутек шикізаты бойынша 27 келісім-шартты (2023 жылдың басынан бері – 15 лицензия) бұзды.

Нәтижесінде алтын, көмір,

темір, мыс, көмірсутектер, бокситтер, полиметалдар және т.б. кен орындары мемлекеттік қорға қайтарылды, олар кейіннен жаңа инвесторларға беру үшін ашық аукционға шығарылады. Бұл жер қойнауын пайдалану саласында қосымша инвестициялар ағынын қамтамасыз етеді.

Қазірдің өзінде биыл өткізілген аукциондардың қорығындысы бойынша ел бюджетіне 1,5 млрд теңге көлемінде қол қою бонусы төленді. Бұл ретте көмірсутегі шикізатын барлау бойынша жаңа инвестициялар 15,7 млрд теңгеден асады.

Жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша аукционға мүдделі барлық инвестор қатыса алады. Оларды өткізу туралы ақпарат міндетті түрде республикалық мерзімді басылымдарда және мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарына орналастырылады.

Бұл ретте уәкілетті органдар қаржылық міндеттемелерді бұзған жер қойнауын пайдаланушыларға айыппұл санкцияларын қолдану бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Осылайша мемлекет есебіне қатты пайдалы қазбалар бойынша 934 млн теңге айыппұл өндірілді (жыл басынан бері 603 млн теңге), сондай-ақ көмірсутек шикізаты саласындағы 9 келісім-шарт бойынша 1,94 млрд теңге берешек өтелген.

Үкіметтің жер қойнауын пайдалану саласын одан әрі дамыту жөніндегі жұмысы жалғасады.

ӘЛЕУМЕТ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бастамасымен ерекше қажеттіліктері бар адамдарға «Инватакси» қызметін көрсету үшін такси агрегаторларын тегін пайдалану жөніндегі пилоттық жоба басталғалы Астана мен Алматы қалаларында аталған қызмет 836 рет көрсетілді.

«ИНВАТАКСИ» ШАҚЫРТЫҢЫЗ



Естеріңізге сала кетейік, инватакси қызметінің сапасы мен көрсету жылдамдығын арттыру мақсатында Еңбек министрлігі әкімдіктермен бірлесіп осы қызметтің механизміне өзгерту енгізу туралы шешім қабылдаған болатын.

Мәселен, мүмкіндігі шектеулі азамат такси шақырту үшін бір күн бұрын телефон арқылы жазылуы қажет. Бұл ертеңгі сапарын, жұмысын алдын ала жоспарлау және күтіп қалмауы үшін тиімді. Сондай-ақ, таксиге тапсырыс берген адам уақытын

онлайн-режимде бақылап отыра алады. «Инватакси» қызметін азаматтардың пилоттық жоба шеңберінде Яндекс Go мобильді қосымшасы арқылы қолдануға мүмкіндігі бар.

Аталған қанатқақты жобаға алғашқы кезеңде Астана және Алматы қалаларынан мүгедектігі бар адамдардың фокус-тобы қатысады. Қызмет көрсетудің нәтижесі оңтайлы болған жағдайда жаңа форматта мүгедектігі бар адамдардың басқа топтарына және еліміздің барлық өңірінде жүзеге асатын болады.

ТУРИЗМ

Биылғы алғашқы үш айда қазақстандық қонақүйлер 43 млрд теңгеден астам табыс тапқан. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,6 есе көп.



БІЗГЕ ҚЫЗЫҒАТЫН ТУРИСТЕР КӨП

Быттыр алғашқы тоқсанда еліміздегі орналастыру орындары 26,3 млрд теңгеге қызмет көрсеткен. Бұл туралы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады. Қаңтар–наурыз аралығында орналастыру орындарына 228 мың шетелдік қонақ тоқтады.

Айта кету керек, жыл басында Қазақстанда қонақүйлердің саны 4 мыңға жетті. Олардың жалпы сыйымдылығы 203 мыңнан астам орынды құрайды.

«Ішкі және шетелдік туристер санының артуына байланысты қонақүй қызметінің көлемі де ұлғайды. Мәселен, биыл жаз басталғалы елімізге келген шетелдіктердің жалпы саны 3 есе артты. Атап айтқанда, Қытайдан – 8,5 есе, Үндістаннан – 4,7 есе, Оңтүстік Кореядан – 3,8 есе, Ираннан – 3,8 есе, Германиядан – 3 есе, АҚШ-тан 2,2 есе артып отыр», – деді министрліктің баспасөз хатшысы Мөлдір Әбдулліева.

ҚОҒАМ

«ОҢАЙДЫҢ» ДА ОРНЫ БАР

Алматылықтар арасында «қоғамдық көліктегі жол жүру тарифі көтерілуі мүмкін» деген мәселенің талқыланып жатқаны рас. Алматы қалалық Мәслихат депутаттары бұл туралы егжей-тегжейлі біліп, зерделеп, саралау үшін қаланың Көлік холдингі базасында коммуналдық инфрақұрылым, энергетика, сумен жабдықтау және қалалық ұтқырлық жөніндегі тұрақты комиссияның көшпелі отырысын өткізді.

Сондай-ақ, алқалы кеңесте қоғамдық көлік маршруттарын субсидиялау және көлік холдингі мен «Оңай» жүйесінің жұмыстары талқыланды.

Қазіргі уақытта Алматы қаласында қоғамдық көлікте жол жүру құны қолма-қол ақшасыз тәсілмен 80 теңгені құрайды және бұл тариф 2012 жылдан бері өзгермеген. 2017 жылдан бастап қолма-қол төлеу кезінде жол жүру құны 150 теңге болған. Депутаттарға кейінгі 11 жылда тасымалдаушылар көтеретін барлық шығынның құны айтарлықтай өскені түсіндірілді. Мәселен, дизельдің құны 328%-ға, ал газдың құны 327%-ға өскен. Осыған ұқсас үрдіс автобустардың құнын қоса алғанда, шығындардың басқа баптары бойынша да байқалады.



Бұдан бөлек, кездесуде қозғалған мәселелердің бірі – «Оңай» жұмысы туралы. Осы жүйе бойынша былтыр 400 миллионнан астам транзакция жасалған және 3,5 миллионға жуық карта іске қосылып, бүгінде 1,8 миллионы қолданыста жүр. Оның ішінде 674 мыңнан астамы әлеуметтік жеңілдіктері бар қарталар.

«Оңай» жүйесінің орталық диспетчерлік қызметі қоғамдық көліктің үздіксіз қозғалысын қамтамасыз етуде басты рөл атқарады. Ол трафикті оңтайландыруға және кептелісті азайтуға көмектесетін маршруттар мен қозғалыс кестелерінің сақталуын белсенді түрде бақылайды. Бұл өз кезегінде, жолаушылар үшін сапарлардың уақыт сипат-

тамаларын жақсартады деп отыр сала мамандары.

Көлік сұранысын талдауға да ерекше назар аударылады. Ол үшін қала 405 көліктік-аналитикалық аймаққа бөлінген. Бұл қала тұрғындарының қаланың әртүрлі аудандарындағы қажеттіліктерін дәл анықтауға көмектеседі. Мәселен, депутаттар бір ғана Алматы ауданына кісі көп жүретін қарбалас уақытта 93 мыңға жуық адам кіретінін, 31 мың адам шығатынын білді. Мұндай талдау жолаушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін көлік маршруттарын тиімді жоспарлауға және ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЫ

«Бұл екі халықтың бауырластығын көрсететін іс. Біз бұнымен мақтанамыз», – деді Түркияның Алматыдағы Бас консулы Али Рыза Ақынжы Шүкір (Шүкүр) Гүнайды марапаттау кезінде. Естеріңізде болса, Шүкір Гүнай есімді түрік азаматы «Ақкент» шағынауданында болған өртте басын қатерге тіге отырып үш бала мен анасын құтқарып қалған еді.

АЖАЛДАН ҚҰТҚАРҒАН АЗАМАТ

Түркия Бас консулы Шүкір Гүнайды марапаттады



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

4 тамыз күні Түркияның Алматыдағы Бас консулдығы Шүкір Гүнайды марапаттап, «оның батылдығы бауырлас халықтардың достығын әйгіледі», – деп бағалады. Марапаттаудан бұрын Бас консул «Ақкент» ықшамауданындағы өрттен қаза болған және зардап шеккендердің қайғысына ортақ екенін жеткізді.

Бас консул Али Рыза Ақынжы сөзінде: «Өзінің басына төнген қатерге қарамастан адам өмірін сақтап қалу шынында ерлік. Түрік пен қазақ бауырластығының бір көрінісі. Пандемия кезінде және Түркиядағы жер сілкінісі апатында да Қазақстан мен Түркиядағы азаматтар бір-біріне шынайы қолдау көрсетті. Біз тарихымызбен ғана емес, шынайы өмірде де бауырлас екенімізді осындай қиыншылықтарда көрсеткен қолдауларымыз арқылы дәлелдеп келеміз», – деді ол.

«Мен мұндай марапат пен мақтау болады деп күтпедім. Әрі солай

болса екен деп істеген жоқпын», – дейді Шүкір Гүнай журналистермен кездескенде. Өрт кезіндегі әрекетін түсіндіргенде: «Біз өрт болған жерге жақын маңда құрылыс жұмыстарымен айналысып жатқан болатынбыз. Ондағы азаматтармен бірге көмекке бардық. Өзіміз құрылыс саласында істегендіктен, қайсы қран қанша биіктікке жететінін білеміз. Ондағы қран жоғары қабатқа жетпейтін болғасын, үстіне саты жалғап шықтық. Қауіпті болатыны жайлы ол кезде ойға ештеңе келмеді. Арғы бір үйде балалар бар екенін естіп қарап тұра алмадым», – дейді Шүкір Гүнай.

38 жастағы Шүкір Гүнай 2009 жылдан бері Алматыға келіп-кетіп жұмыс істеп жүргенін айтты. Әрі тілшілерге қазақ тілінде жауап берді. «Инстаграмда, барлық жерде айтып жатыр екен, ертесінде білдім. Бірақ мен ол үшін жасамадым, өзімнің де бір қызым бар», – деді ол сөз соңында.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алматы әкімдігі құрылыс салушымен бірлесіп, «Ақкент» ТК тұрғындарына пәтерлерді қалпына келтіруде қолдау шарасын көрсетеді.

ПӘТЕРЛЕР ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛЕДІ

Алматы әкімдігі құрылыс салушымен бірлесіп жәрдемдеседі

1 тамызда өрт кезінде зардап шеккен «Ақкент» ТК тұрғындары өрттің салдарын жоюға қажетті көмек алады. Қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен тұрғын үй кешенін салушы – «Ayt housing Complex» ЖШС-мен келіссөздер жүргізілді, оның қорытындысында мынадай:

– 2 қыркүйекке дейін «Ақкент» ТК пәтерлерінде электрмен жабдықтауды қалпына келтіруге;

– құрылыс салушының қаржысы есебінен кіреберіс алаңдарына жөндеу жүргізуге;

– құрылыс салушының қаржысы есебінен есіктер мен терезелерді ауыстыруға, құтқару операциясы барысында тартылған балкондарды жөндеуге жұмсалатын шығындарды өтеуге;

– пәтерлерде әрлеу (левкас, қабырғаларды, төбелерді бояу) жұмыстарын (жөндеуден кейінгі жұмыстарды тұрғындар өздері жүргізеді) жүргізуге;

– барлық жұмыстарды аяқтап, 20 қыркүйектен кешіктірмей, тұрғындардың пәтерлеріне кіруге рұқсат беруге;

– пәтерлерді қалпына келтіру жұмыстары кезеңінде тұрғындарға уақытша тұру бойынша шығыстарды өтеуге немесе ТЖ желісіндегі шара аясында тұрғын-жай беруге;

– қаланың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы зардап шеккендерге денсаулықты қалпына келтіру бойынша, оның ішінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен міндетті медициналық сақтандыру жүйесі (мамандандырылған емдеу, емдеуге жатқызу) аясында медициналық көмек көрсетуге шешімдер қабылданды.

Айта кетсек, құрылысты салушы «Ayt housing Complex» ЖШС тарапынан өрт кезінде қаза тапқандардың отбасына өтеусіз негізде екі бөлмелі пәтер берілетін болады.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК

«БІР ТАЛ КЕССЕҢ, ОН ТАЛ ЕК»

Есентай көпірі қайта жаңарған соң 600 түп көшет отырғызылатын болады



Есентай өзені арқылы өтетін көпірді реконструкциялаған соң әл-Фараби даңғылының бойына 600-ден астам ағаш отырғызылады. Жасыл желектерді инвентаризациялау және орман-патологиялық зерттеу материалдарына сай, көпірді реконструкциялау аумағында барлығы 101 ағаш кесілген. Бұл ағаштар халықтың аз қозғалатын топтары үшін велосипед жолы, тротуар мен пандустардың конструкциясына түзету енгізу үшін алынады. Ал 28 ағашты сақтап, 10 ағашты трансплантациялауға (оның үшеуі трансплантацияланған) болады.

Кесу аймағындағы қалған ағаштар бойынша Алматы қаласы экология және қоршаған орта басқармасының қызметкерлері жақын маңдағы үйлер тұрғындарымен, өсімдіктерді қорғау және карантин институтының экологтарымен, сондай-ақ белсенділермен бірлесіп, зерттеу жүргізді. Солардың ішінде Салтанат Төшімова, Омар Нұрхайдоров, т.б. сарапшылардың пікірінше, жетілу жасына жеткен ағаштарды қайта отырғызу орынсыз.

Өз кезегінде, көшеттерді уақытша қайта отырғызу күзгі кезеңде бейімделу үшін питомник аумағында жүзеге асырылады. Жыл соңына дейін кесілген ағаштардың орнына көшеттерді он есе мөлшерде өтемдік отырғызу жүргізіледі. Мұнда қазақтың «Бір

тал кессең, он тал ек» деген мәтелінің мәнісі бар. Экология және қоршаған орта басқармасының Мониторинг және жасыл қорды басқару бөлімінің басшысы Нұрлан Құттыбаевтың айтуынша, қайта жаңарту аяқталғаннан кейін уақытша отырғызылған жасыл желектер жағалау бойына қайта отырғызылады.

«Егер біз ағаштарды осында қалдырсақ, олар тамырланады. Сонымен қатар, жыл соңына дейін кесілген ағаштардың орнына он есе мөлшерде көшеттер отырғызылады. Бұл ретте жасыл екпелерді қорғау ережелерін ескере келе, биіктігі кемінде 4 метр болатын ірі өлшемді көшеттер отырғызылатын болады», – деді Н.Құттыбаев.

Бұдан бұрын көпірді қайта

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

МЕДЕУ АУДАНЫНА СУ БЕРІЛДІ



«Алматы Су» мекемесінің дерегінше, Медеу ауданы аумағының оңтүстік бөлігін сумен жабдықтау толық қалпына келтірілді. Бұған тау өзендеріндегі су деңгейінің тұрақтануы мен су ластану деңгейінің төмендеуі ықпал етті. Аталған кәсіпорын мамандары сағат сайын судың сапасына бақылау жүргізілгенін айтты. Зертханалық талдау Кіші Алматы өзеніндегі судың лайлану көрсеткішінің төмендегенін көрсетті. Сапалық бақылау суды үздіксіз алу мен тұрғындарға жеткізер алдында тыңғылықты тазартуға мүмкіндік береді. Бастапқы өзен суының сапасына әсер ететін қолайлы ауа райы сақталған жағдайда сумен жабдықтау үзіліссіз іске асатын болады.

Су беруді мәжбүрлі түрде шектеудің себебі, Медеу ауданының жоғарғы бөлігі бұрыннан жерүсті су көздері аймағында болуы. Сон-

дықтан Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Медеу ауданының жоғарғы бөлігін жерасты суымен жабдықтау көздеріне қосу жөнінде

құру жұмыстарын бастамас бұрын Есентай өзені бойындағы көпір мұқият тексеріліп, апатты екенін анықталған еді. Аралық құрылыстың шеткі тақталарында сынған бетондар бар. Тірек аймағындағы жұмыс қиындап, бетонның қорғаныш қабаты бұзылған. Бұл қауіпті санатқа жатады, өйткені олар аралық құрылымның жүк көтергіштігін айтарлықтай төмендетеді. Сондықтан көпірді қайта құру жұмыстары басталды.

– Барлығы 96 дана көлемінде аралық құрылыстың плиталарын бөлшектеу мен монтаждау жоспарланған. Жобада жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі үшін солтүстік және оңтүстік жағынан екі вело-жаяу көпір қарастырылған. Құрылыстың нормативтік ұзақтығы тоғыз айды құрайды, бірақ жұмыс екі ауысымда жұмыс кестесінен бұрын жүргізіледі. Осыған байланысты көпірді реконструкциялауды оқу жылы басталғанға дейін аяқтау жоспарлануда. Велосипед-жаяу жүргіншілер көпірлерін жайластыру – ағымдағы жылдың қазан айының ортасына дейін іргелес аумақты абаттандыру бойынша жұмыстарды аяқтау 2024 жылдың ақпанына жоспарланған», – деп атап өтті Алматы қалалық Мобильділік басқармасы жол инфрақұрылымын дамыту бөлімінің басшысы Айдос Желдікбаев.

Сонымен қатар, жергілікті тұрғындар да жобамен танысты. Медеу ауданының тұрғыны Әркен Ахметовтың айтуынша, егер жұмыстың бәрі жоба бойынша орындалса, онда бұл жерде адамдардың серуендеуіне өте ыңғайлы болады. «Мен өзім кешке жағалауда серуендегенді ұнатамын. Көпірдің астындағы баспалдақ балалар мен қарт адамдардың көтеріліп-түсуіне өте қауіпті. Балалы-арбалы аналар мен қосымша қажеттігі бар жандар үшін пандус салу өте пайдалы болады», – деп атап өтті Ә.Ахметов.

ауқымды жоба әзірлеуді тапсырды. Негізгі мақсат – тау бөктерінің тұрғындарын тау өзендеріне тікелей тәуелділіктен арылту. Осылайша жоба аясында Медеу ауданының инженерлік желілері мен нысандары қолда бар жерасты су қоймаларының қуатына қосымша қосылатын болады.

Бұдан басқа, Алматыда әрқайсысы 3 мың текше метрге дейінгі «Балқаш» стансасында 4 скважина мен су қоймасы (резервуар) құрылысы жүргізілуде. Бұл жоба 20 мыңға жуық адам тұратын «Каменское плато», «Көлсай», «Мұзтау» мен «Юбилейный ықшамаудандарының тұрғындарын сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Айта кетерлігі, «Қазгидромет» РМК дерегінше, Алматыда соңғы сегіз жылда алғаш рет тіркелген ұзақ мерзімді ыстық салдарынан сумен қамтамасыз ету проблемасы басталды. Бұл мұздықтардың еруі мен су деңгейінің жоғарылауына, шайылған өзен жағалауы мен екпінді сел легіне әкелді. Осының салдарынан су алу процесі тоқта-тылды. Шектеу аймағында 50 көппәтерлі, сондай-ақ 4047 жеке тұрғын үй болды.

Бетті дайындаған
Айнабай МӘДИ.



ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

ҚЫЗ АЛЫП ҚАШПАҢДАР!

Қылмыстық кодекске «Неке қию мақсатында адамды ұрлау» деген 125-1 бапты енгізу туралы ұсыныс жолданды

Адам құқығы жөніндегі уәкілдің бастамасымен Қылмыстық кодекске «Неке қию мақсатында адамды ұрлау» деген 125-1-бапты енгізу туралы ұсыныс жолданды.

«Адам құқығы жөніндегі уәкілдің бастамасымен Қылмыстық кодекске «Неке қию мақсатында адамды ұрлау» деген 125-1 бапты енгізу туралы ұсыныс жолданды. Ол әйелдерге қатысты қылмыс деңгейін төмендетуге мүмкіндік беретін ескерту әсерін тигізеді деп сенеміз. Бас прокуратура Омбудсменнің Қылмыстық кодекске 125-1-баптың жеке бөлігін енгізу туралы ұсынысын қолдады», делінген Адам құқықтары жөніндегі уәкіл хабарламасында.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл кеңсесі қазір тұрмыстық зорлық-зомбылық пен әйелдердің құқығын бұзу мәселелеріне талдау жүргізіп жатыр. 736 миллион әйел физикалық және басқа да зорлық-зомбылыққа ұшыраған. Оның 640 миллионнан астамы (87%) – 15 жастан асқан қыздар мен әйелдер.

«Тек кейінгі екі жарым жылда елімізде үйдегі агрессорлар 300 адамның өліміне себепкер болды. Денсаулыққа ауыр зиян келтірген 913, ал денсаулыққа орташа зиян келтірген 837 жағдай тіркелді. 37 мыңнан астам адам түрлі жауапкершілікке тартылды.

Тұрмыстық зорлықтың негізгі себептері әлеуметтік-экономикалық факторлар және қоғамдағы гендерлік стереотиптер десек артық айтқанымыз емес. Мәжбүрлі некеге тұрған қыздардың серіктестерінің жыныстық, физикалық және психологиялық зорлықтың құрбаны болуы да белең



алып барады. Көбіне мәжбүрлік неке құрған қыздарды білім мен мамандық алу мүмкіндігінен айырады. Бұл олардың тәуелді және осал жағдайын одан сайын нашарлатады», деп жазылған хабарламада.

Уәкілдің сөзінше, некеге тұру үшін қыздарды ұрлау тәжірибесі елемізде, әсіресе оңтүстік аймақтарда жиі кездеседі. Кей жағдайда мұндай әрекеттер жыныстық тұтастықты бұзуға, ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлауға, заңсыз бас бостандығынан айыруға және тіпті өзіне қол жұмсауға да әкеледі.

«Ұлттық дәстүр, әдет-ғұрыптар сынды стереотиптерді басшылыққа алып, аталған оқиғалар жайында хабарламау жағдайды ушықтырып барады. Жастар қылмыстық жауапкершілік туралы білмейді. Бұл – ауыр қылмыс, адамның

жеке басына қол сұғу мен бостандық құқығын өрескел бұзу екенін түсінбейді», – деп жазды Адам құқықтары жөніндегі уәкіл.

Адам ұрлаумен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды талдау көрсеткендей, 2019 жылдан бастап қазірге дейін аталған санаттағы 214 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген. Бұл ретте некеге тұру мақсатында қыздарды ұрлау бойынша нақты статистика жоқ. Өйткені, Қылмыстық кодексте мұндай құқық бұзушылықтың жеке құрамы көрсетілмеген.

2019 жылдың шілдесінде БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесі жалпы жазасыздық пен есеп берудің жоқтығына алаңдаушылық білдіріп, балалар, ерте және мәжбүрлі неке туралы А/HRC/RES/41/8 қарарын қабылдады. 2018 жылғы 17 желтоқсанда қабылданған қарарда БҰҰ Бас Ассамблеясы 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму саласындағы күн тәртібінде көзделген балалар, ерте және мәжбүрлі некелерді жою мақсатында тиімді шаралар қабылдауға шақырады. Ұрлау және мәжбүрлі неке тәжірибесін жою, гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және әйелдер мен қыздардың құқықтарын зорлық-зомбылықтан қорғау

барлық мемлекеттік және қоғамдық институттардың назарында болуы керек.

«Қазір ұлттық құқық қорғау мекемесі қылмыстық заңнамаға бірқатар түзетулер, атап айтқанда, жеке бапты енгізуді және жәбірленуші өз еркімен босатылған жағдайда қылмыскерді қылмыстық жауаптылықтан босатуды көздейтін Қылмыстық кодекстің 125-бабына ескертпені алып тастауды қарастырып жатыр. Орталық Азия елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан қылмыстық заңнамаларында әйелдерді некеге мәжбүрлеп тұрғызу мақсатында ұрлау туралы жеке бап бар», делінген хабарламада.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЗООБАҚЫЛАУ

МЫСЫҚТАРҒА ҮЙШІКТЕР ОРНАТЫЛДЫ

Алматыда қараусыз қалған мысықтарға арналған үйшіктер орнатылуда. Қаланың Медеу, Алмалы және Бостандық аудандарында қараусыз қалған жануарларға қолайлы жағдайлар жасалған.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Жоба «Animal Security» қоғамдық қорының бастамасымен Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасымен бірлесіп, «Жануарлармен жауапты қарым-қатынас туралы» Заңды іске асыру аясында демеушілік қаржы есебінен іске асырылуда.

Қараусыз қалған үй жануарларына арналған баспана мысықтарды күтетін, тазалықты қамтамасыз ететін және дезинфекциялайтын тұрғындар арасында жауапты кураторлар болған кезде беріледі. Бүгінде Алматыда қоректендіргіштері бар 20 үйшік орнатылды, өндірісте тағы 50-ге жуығы бар. Мұндай үйшіктерде тұратын барлық мысықтар зарарсыздандырылған, паразиттерден тазартылған, сау және тұрғындар үшін қауіпсіз. Орнатылған үйшіктердің одан әрі тазалығы мен сақталуын жақын маңдағы үйлердің тұрғындары қадағалауға міндеттенеді.

Қаланың әр ауданында жануарларға мониторингті ерікті негізде зообақылау ұйымдарының ішінен кураторлар жүзеге асыратын болады. Жануарлар кураторларының үйлестірушісі «Animal Security» ҚҚ, оның басшысы Наталья Сульжик.

– Біз көптен бері мысықтарға байланысты бастама



көтергенбіз. Енді сол орындалып, арнайы үйшік жасалды. Бірақ бұл бастаманы тұрғындардың кейбірі қолдамады. Олардың сөзінше, аулаға үй жануарларына арналған үйшіктерді орната берсе, ит пен мысық қаптайтын түрі бар. Сондықтан әр тараптың ой-пікірі ескерілді деп санаймыз. Біздіңше қаңғыбас үй жануарлары көбеймес үшін әрбір жан қамқорлық танытса дейміз, – деді қала тұрғыны Ирина Мотыкина.

Еске салсақ, Алматыда қараусыз қалған жануарларға арналған үйшіктер орнату бойынша пилоттық жоба алғаш рет ағымдағы жылдың наурыз айында басталған болатын. Жоба қала тұрғындары арасында көптеген оң пікірлер тудырды. Бүгінде жануарларды қорғау қорларына 500-ден астам өтінім келіп түсті. Қоғамдық зообақылау ұйымдарының жоспарларындағы келесі кезең қараусыз қалған иттерге арналған питомниктерді орнату жобасы болады.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

TOUR OF WORLD CLASS ALMATY

ЖЕКСЕНБІДЕ ЖОЛДАР
ЖАБЫЛАДЫ
Алматыда әуесқойлар
веложарысы өтеді

(Басы 1-бетте)

Көлік қозғалысы мына
көшелерде шектеледі:

Момышұлы көшесінен Доспанова көшесіне дейінгі ALMATY ARENA-ға іргелес жолдың қысқа бөлігі 6 тамызда сағат 02.30-дан 17.30-ға дейін екі бағытқа да жабылады.

Доспанова көшесімен айналма жолдан Аднан Мендерес көшесіне дейінгі қозғалыс екі бағытта да сағат 06.00-ден 09.50-ге дейін жабылады.

Момышұлы көшесі бойынша Аднан Мендерес көшесінен Мөңке би көшесіне дейінгі қозғалыс 06.00-ден 09.50-ге дейін жабылады.

Момышұлы көшесінен Мөңке би көшесі бойымен Момышұлы көшесінің жалғасына дейінгі қозғалыс 06.00-ден 09.50-ге дейін жабылады.

Момышұлы көшесі бойынша Мөңке би көшесінен ҰАК бойындағы көшеге дейінгі қозғалыс 06.00-ден 09.50-ге дейін жабылады.

ҰАК бойындағы Момышұлы көшесі бойымен экологиялық бекетке дейінгі қозғалыс 06.00-ден 09.00-ге дейін жабылады.

Индустриялық аймақтың айналасындағы қозғалыс 06.00-ден 09.00-ге дейін жабылады.

Деректер веложарысқа қатысушылардың қозғалыс уақытын ұтымды бөлуді ескере отырып енгізілді.

Жолдардың жабылуын ескере отырып, оңтайлы маршрутты табу үшін сіз 2ГИС қосымшасын пайдалана аласыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

БАЙЛАР САЛЫҒЫ

Қазақстанға қандай пайда әкеледі?

Байлық салығын енгізу жайлы әңгіме елімізде жыл сайын көтеріледі. Дегенмен, бұл мәселе пандемияға байланысты дағдарыс жағдайында әлемде жиі айтыла бастады. Әсіресе, елімізде кейбір депутаттар яхта, ұшақ, қымбат көлік мініп, зәулім сарайда тұратын ауқаттыларға салынатын салықты арттыру туралы ұсыныстар айтып жүр. Шынында да, Тәуелсіздігіміздің 30 жылғы ішінде халықтың бай және кедей топтары арасындағы алшақтық айтарлықтай өсті. Қазақстанда байлық салығын енгізетін кез жетті ме? Бүгін осы тақырыпты қозғағанды жөн санадық.

Серік
ЖУМАБАЕВАЙЛЫҒЫ ТӨМЕН
АЗАМАТТАР АЗ САЛЫҚ
ТӨЛЕЙДІ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік әділдік үшін қолданысқа жалақы мен басқа да кіріс түрлеріне қатысты жеке табыс салығының үдемелі өлшемін енгізу мәселесін пысықтайтын уақыт жеткенін жариялады. «Үдемелі өлшемге сәйкес жалақысы төмен азаматтар салықты қазіргіден аз төлейді. Ал еңбекақысы жоғары қызметкерлердің төлейтін салығы артады. Мақсатымыз – еңбекақы төлеудің мейлінше кең тараған әрі жасырын тәсілін «көлеңкеден» шығару. Егер тиісті салық мөлшері қысқаратын болса, жалақыны жасырын төлеудің қажеттілігі болмайды», – деді Мемлекет басшысы. Біле жүріңіз, бұл қадам жалақыны конвертпен алатын азаматтардың санын азайтып, салық төлеушілердің қатарын көбейту үшін жасалып отыр.

Мемлекет басшысының мәлімдеуінше, айына 250–300 мың теңге жалақы алатын азаматтар 10% емес, 7% табыс салығын төлеуге тиіс. 300 мың теңге мен 1,5–2 млн теңгеге дейін табыс табатындар үшін қазіргі 10% мөлшерлемесі сақталуы керек. «Жылына 25 млн теңгеден көп табыс табатын азаматтар үшін табыс салығының пайыздық мөлшерлемесін арттыру қажет. Бұл мәселені үкіметтік комиссия нақтылайды», – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, жеке табыс салығының пайыздық мөлшерлемесінің шекті деңгейін 15%-дан асырмау керек.

Айта кетейік, Президенттің тапсырмасын орындау үшін Ұлттық экономика министрлігі жанынан жұмыс тобы құрылды. Оның құрамына парламент депутаттары, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері мен қоғам қайраткерлері енді. Ұлттық экономика вице-министрі бір сөзінде үдемелі өлшем бойынша жеке табыс салығының шегі мен мөлшерлемесіне қатысты мәселе ашық талқыланатынын айтты. «Бұл шара қолға енді алынғандықтан үдемелі өлшемнің мөлшерлемесі қандай болатынын әзірге айту қиын. Нақты әрі дәйекті ақпарат жұмыс тобының басқосуынан кейін белгілі болады», – деді вице-министр.

ДЕПУТАТТАР
ПРЕЗИДЕНТТІ
ҚОЛДАЙДЫ

Мәжіліс депутаты, саясаттанушы Ерлан Саиров үдемелі өлшем Еуропа елдерінде кең тарағанын тілге тиек етіп: «Мұны «Еуропа-Скандинав моделі» деп атайды. Еуропалық стандартқа сай өмір сүру үшін бізге осы тәсілге жүгінуге тура келеді. Үдемелі өлшемнің шекті деңгейі Президент айтқан 15%-дан аспауға тиіс. Шекті деңгей бұдан жоғары болса, адамдар табысын жасыра бастайды», – деді халық қалаушысы.

Шынында да, жалақысы жоғары адамдар мемлекетке тапқан табысына сай салық төлеуге тиіс. Өйткені, мемлекет олардан бюджетке түскен түсімді трансферттік шығындар мен әлеуметтік төлемдерді жабуға жұмсайды. Осылайша қоғамда әділдік орнатуға бір қадам жасалады. Оның үстіне, қоғамда жалақысын конвертпен алып жүрген адамдар бар. Олар бұл қадамға салық төлеуден жалтаруды мақсат тұтып емес, тапқан табысын отбасын асырауға жеткізу үшін барады. Адамдарды да түсіну керек. Олар жақсы өмір сүргендіктен салық төлемей жүрген жоқ. Халық тапқан табысының 50%-ын азық-түлікке жұмсайды. Дамыған елдерде азық-түлік алуға айлық табыстың 8–10%-ы ғана жетеді.

Қазір бізде 100 мың теңге жалақы алатын адам мен 400 мың теңге табыс табатын адам бірдей, яғни 10% жеке табыс салығын төлейді. Әділдік тұрғысынан қарағанда, бұл



дұрыс емес. Қолданысқа үдемелі өлшем енгізілсе, табысы аз адамдар аз, табысы көп адамдар көп салық төлейді. Яғни үдемелі өлшем халықтың басым бөлігі үшін тиімді болады.

Мәселен, биылғы дағдарыс АҚШ сияқты алпауыт дамыған елді де әбігерге салса керек, бұл елде қазір миллиарддерлеріне 60%-дық

біржолғы салық төлеу идеясы күшейе түскен. Мұнда да осындай заң жобасын сенаторлар ұсынды. «Миллиарддерлердің төлемін жаса» деп аталатын заң жобасы 467 бай адамнан тұратын элитадан 731,8 миллиард долларға 60 пайыздық салық өндіріп алуы мүмкін. Бұған не мәжбүрлеп отыр? Себебі, елде пандемия басталған кезде 50 млн-нан астам америкалық жұмыссыздық туралы көмек сұрап, тағы 5,4 млн адам медициналық сақтандыруынан айырылған. Сенаторлардың пікірінше, біржолғы салық салу барлық америкалықтарға бір жыл ішінде медициналық шығындарды, соның ішінде рецепт бойынша дәрі-дәрмектерді төлеуге мүмкіндік береді.

Ал біздегі байлар ше? Қысылтаяң кезенге қарамастан, Шешенстандағы футбол командасына ұшақ сыйлап, аурухана салып беретінін жария еткендер де бар. Рас, ғайыптан пайда болған қырғын дүние-дәулетін шетелге шашатын бай-шонжарлар да жоқ емес.

Белгілі экономист Мақсат Халық байларға салық салу туралы ұсынысты қолдайды. Дегенмен, ол дәулеттілерге салық салмас бұрын жалпыға бірдей табыс декларациясын енгізу қажет деп есептейді.

«Әрбір қазақстандық қанша табысы барын көрсетсе, сол кезде бәрі әділ болады. Менің ойымша, заңсыз жолмен байығандар өз мүлкін жария еткісі келмейді. Осындай лобби топтар парламентте де әрекет етіп жатқаны байқалады. Еш мүлкі жоқ, орта таптағы азаматтар табысын жария етуге қарсы емес деп ойлаймын. Байлықты заңсыз тапқандар қарсылық танытып жатқан жайы бар, – дейді ол.

Елімізде байларға арналған салық 2024 жылдан бастап енгізіледі деген жоспар бар. ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров байлар салығы тек ауқатты адамдардың «қалтасына» әсер ететінін атап өтті. «Жаңа салық негізінен қымбат көліктерге, басқа да сәнді заттарға, мүмкін антиквариатқа, жылжымайтын мүлікке және өзге де бағалы заттарға салынуы мүмкін», – деді ведомство басшысы.

Қалай десе де, байлардың бәрінің де «қаржы айналымдарының» қозғаушы күші – тұрып жатқан елі. Сондықтан табысының көлеміне қарай сол елмен салығын да лайықты бөлісу – әділетті шешім болар еді.

ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Еуропа елдерінде «байлық салығы» баяғыдан бар. Бәленің бәрі ежелгі Рим империясында алқызыл киім мен қымбат әшекей тағынуға тыйым салудан басталған. Жүздеген жылдар өткеннен кейін осы қатаң ереже Венецияда тек қара гондолаға міну туралы бұйрыққа ұласты. Кезінде кейбір елдерде кітап, су құбыры, тіпті опера театрының билетіне де салық салынған. Өткен ғасырдың басында Норвегияда кәдімгі шоколад асыптасудың белгісі саналды. 1810 жылы Пруссияда ит салығы шықты, себебі итті тек байлар асырай алады деген ұғым қалыптасты. Соңғы жылдары көптеген дамыған елдерде кері құбылыс байқалған еді – байлық пен сән-салтанатқа салынатын салықтың орнына қосымша күн салығының жоғарғы ставкасы енгізілді.

Көрші Ресейде де «байлар салығы» бар. Онда табысы жылына 5 миллионнан асатын азаматтар үшін салық ставкасы 13%-дан 15%-ға дейін өсті. Осы салықты енгізу арқылы олар биыл бюджетке 60 млрд рубль кіріс кіргізді. Сондай-ақ, бұл соманы алдағы жылы – 64 миллиардқа, 2025 жылы – 68,5 миллиардқа өсіруді жоспарлауда. Мемлекет бұл қаражатты ауыр, созылмалы және сирек кездесетін аурулары бар балаларды емдеуге жұмсайтын болады. Жаңа заң мүлкті сату (бағалы қағаздарды қоспағанда) немесе сақтандыру төлемдері сияқты біржолғы кірістерге қолданылмайды. Билік мұндай шараларды Ресей бюджет тапшылығының өсуіне байланысты қабылдады. Енді олар байларға салынатын салық мөлшерлемесін одан әрі арттыруды қарастырып жатыр. Алдағы уақытта 21 пайызға, содан кейін 30–35 пайызға ұлғайтуды көздеме.

Ал Германияда байлар салықты көп төлейді. Мәселен, егер ерлі-зайыптылардың жалпы табысы жылына 18 мың еуродан аспаса, онда олар салық төлеуден босатылады. Принцип өте қарапайым: адам неғұрлым көп ақша тапса, соғұрлым оның салығы ұлғаяды. Мұны олар прогрессивті салық салу шкаласы деп атайды. Онда салық ставкасы 14-тен 42 пайызға дейін өсіп отырады. Кейбір жағдайларда арнайы максималды мөлшерлемесі 45 пайызға дейін ұлғайтылған.

Мысалы, Швецияда «жоғарғы» шек 56,4%, ал төменгі шегі – 0%. Бельгияда табыс салығы 25%-дан басталып, 53,7%-ға жетеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ербол ИСАХАНОВ, Алматы қаласының тұрғыны:

БАЙЛАР БӨЛЕК САЛЫҚ ТӨЛЕУГЕ ТИІС

Елімізде сіңірі шыққан кедейлер мен шылқыған байлардың арасы алшақтап барады. Сондықтан да байлыққа салық салуды әлеуметтік жауапкершіліктің бір тетігі іспетті қарастырған абзал. Бұл ретте байлар бөлек салық төлеуі тиіс. Өйткені, еліміздегі ауқатты адамдардың табысы көбейген сайын, сәйкесінше оларға салынатын салықты да еселеп өсіру керек. Егер шенеунік, ұлттық компания топ-менеджерлері мен кәсіпкердің айлық табысы 1 миллионнан асса, ол мемлекетке 40 пайыз салық төлеуі тиіс. Қазір елімізде табыс салығы бай мен кедейге бірдей – 10 пайыз. Яғни тұрғындар арасында теңдік жоқ. Бір жалақыға қарап отырған адамдар барынша үнемдеуге тырысады. Енді біреулер байлығын көрсетіп қалу үшін бір-бірімен бәсекелесіп жүр.

Соңғы кезде қымбат көлік, пәтер мен өзге де жылжымайтын мүлікке деген сұраныс өскен. Қазір тек құны 1 миллион доллардан асатын баспанасы барлар мен джип мінгендерге салық бірнеше есе жоғары. Сондықтан салық кодексіне өзгеріс енгізуді ұсынамын. Табысы жоғары адамдарға және қымбат көлік, зәулім үй сатып алып, оны ашық жариялап жүрген байларға салықты көбірек салу керек. Ал қайырымдылық жасап жүргендерге жеңілдік болуы тиіс.

Марат НАРИМАНҰЛЫ, экономист:

ОЛАРДЫҢ АҚШАСЫН ТҮРМЫСЫ
ТӨМЕН ОТБАСЫЛАРҒА БЕРУ КЕРЕК

Байларды аяудың қажеті жоқ. Олардың елге тигізіп отырған пайдасы шамалы. Өкінішке орай, біз ірі кәсіпкерлерге, ауқаттыларға салықты төмендету туралы жиі айтамыз. Кәсіпкерлер мемлекетке салықты неғұрлым аз берсе, соғұрлым олар өз бизнесіне инвестиция салады, көбірек жұмыс орындарын ашады, жұмысшыларына жоғары жалақы төлейді деп ойлаймыз. Бірақ бұл қаншалықты дұрыс? Бүгінде бізде байлар мен кедейлердің арасы тым алшақтап барады. Түйені түгімен жұтып жатқан олигархтар қарапайым қара халыққа көмектесіп жатырма?

Қазір интернетті ашып қалсаңыз, баласын немесе өзін емдетпе алмай, қайыр сұрап жүрген адамдар қаншама? Әлеуметтік желіге суреттерімен қосып, небір ауру түрлерін жазғанда, қарап отырып жүрегің ауырады. Ондай адамдар саны тым көбейіп кеткен. Халықтың жағдайы өте нашар. Ал ауқаттылар байыған үстіне байып жатыр. Осы әділдік пе?

Менің ойымша, әрбір азамат жиып-терген дәулетіне сай салық төлеуі керек. Байларға салық салынса, ел қазынасына қыруар ақша түседі. Соның арқасында мемлекетте қосымша қаражат та пайда болады. Ал оны халықты әлеуметтік жағынан қолдауға, яғни көпбалалы, тұрмысы төмен отбасыларға, мүгедектерге көмек көрсетуге жұмсауға болады.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

«Қазақтың тойы бітпесін». Бұл бүгінгінің қасиетті нақылына айналды. Өйткені, бізде шоу бизнестен гөрі, той бизнестің бәсі артып тұр. Әрбір адам той жасап, қызын ұзатып, ұлын үйлендіргісі келеді. Бұған не дейміз?



ТОЙ БИЗНЕСІ

ысырап пен бәсекеге айналып барады



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Ақын Төлеген Айбергенов «Бір тойым бар» өлеңінде бәрін әспеттеп керемет сөздермен өрнектеген. Ақыннан асып, сұлу сөзбен көмкере қоймаспыз.

«Бір тойым болатыны сөзсіз менің,
Дәл қай күні екенін айта алмаймын.

Бірақ... бірақ...
Ешкімді де билетпей қайтармаймын».

Расында, той жасап, осыншама жиган-тергенінді шашу да оңай емес. Әрбір қазақтың көңілінде – той жасап, ұлын – ұяға, қызын – қияға қондыру арман. Соған сай іс қылады. Мүддені осылай бағыттап, сондықтан бұл өмірде жақсылық той жасап, жұртты жинап, бір жасап қалғанды құптаймыз. Бәрі орнымен болғай.

ҚАЛЫҢМАЛДЫҢ ЖӨНІ БАР

Қазақ халқы дана халық қой. Бәрін біліп, өмірден көрген-түйгенін ұрпағына тәмсілдеп айтып отырған. Сондай бір астарлы сөз де бар. Соның бірі «теңін тапса, тегін бер» дейді. Бұл «қалыңмал» тұрасында айтылған сөз. Шынында, жыл өткен сайын жағдай өзгеріп барады. Адамдар арасында жарыс күшейді. Сол бәсеке дәстүр-салтымызға енген сияқты. Бұдан бой тасалау мүмкін емес. Олай етсеңіз, досқа күлкі, дұшпанға таба болатын сияқтысыз. Біз барлық нәрсені ұятқа тірейміз.

Заманауи қоғамда бай-бағландар бір-бірінен асырып жар еткелі отырған қызының артынан мол қаржы әкелуді сөнге айналдырды. Оңтүстік өңірде мұның жүктемесі көбейген. Тіпті, қарапайым отбасылар құдаласар алдында уағдаластың көрінеді. Бір танысымыз 5 миллион теңге ақша апарды. Әрине, жігіт жақ өте ауқатты екен. Қыз да кембағал емес-ті. Өйтсе де, байлар санатынан емес-ті. 7-8 миллион теңге, мүмкін 10 миллион беріп жатқан шығар. Көп қаржыны күдіреті, дәулеті жеткендер берер. Алайда, қарапайым жанұя ондай көп қаржыны қайдан тапсын.

Дейтұрғанмен, тырысып, бар дүние-мүлкін сарп етіп беретіндерге қайранбыз. Содан соң ана сүті, ата күші және т.б. салт-дәстүр көбейген. Бұл қаншалықты дұрыс. Осы жағы да қоғамды мың толғандырып, жүз ойландырып келеді. Одан да көрпеге қарай көсілген абзал емес пе.

Кейде қалыңмал беруге тарлық ететіндер табылады. Бергенін есептеп, тықактап, өлшеп қояды. Ондай есеп-қисап екі жастың ортасына жік салады. Олай жасап, жаңадан құралған шаңырақ түбі құрдымға кетіп жүрмесін. Бәрібір қыздың

артынан ата-анасы жасау, дүниесін алып барады. Баласының бақыты үшін ешкім аянып қалмас.

Қалыңмал – жарыс емес, дәстүр-салт. Осыны ұмытпайық, ағайын. Алмақтың да салмағы бар. Күндердің күнінде осындай жағдай кез келгеннің басына түсуі ықтимал. Сондықтан ыңғайға, жағдайға қарап көсілген жөн.

ТОЙХАНАЛАР НЕГЕ ҚЫМБАТ?

Осы күні тас лақтырсаң, тойханаларға тиеді. Әрбір ауыл, аудан, қалада бар. Баршасы сәулетті әрі патша сарайындай. Еңселі, көркіне көз тоймайтындары жетерлік. Әріге бармай, Алматының өзін-ақ алайық. Таудың бөктерлеріне дейін мейрамханалар бой көтерген. Жоғары санатты, мәртебелі меймандарды күтуге арналғандары қаншама. Оған кіріп, қызыл кілемшесін баспақ түгілі, сыртынан жолауға жүрексінесің. Олай етуге қомақты қаржы, қауқар қажет.

шаққанда 200–300 адамға лайықтайды. Мәселе ұятқа қалмауда. Сөйтіп, кредитке ұрынады. 5–7 жыл банкке байлаулы баспақ болады. 5 миллион несие рәсімдесеңіз, үйтіп-бүйтіп 2 есе қылып қайтаруға мәжбүр боласыз. Үй кепілде тұрады. Кешіктірсе, тағы үстеме қосылады. Былайша айтқанда, той банкке зор пайда, қарапайым жанға бас ауруға айналып жатады. Әрине, ондайға ешкімді душар етпесін. Ондай қадамға бара қалсаңыз, әлектенуден басқа амал қалмай қалады. Қоғамда ондай оқиғалар толып жатыр.

Әр істің қайыры бар. Той жасағанда шамаға қарау керек шығар. Бұл кәдімгі қаржы сарапшыларының пікірі. Әйтпесе, әбігерге адамның өз басы ілігеді. Одан соң банктердің 16–27% мөлшерлемесін азайту керек. Араб банктеріндей 3%-бен несие бермесе де, біздің қаржы секторына 6% жеткілікті. Сонда құда да, құдағи да тыныш. Сонда ғана ешкім қаржы ортылық-



Тойхана бизнес көзіне айналғалы қашан. Жұрттың бәрі сонда той жасайды. Қонақ күтеді. Қыз ұзату, үйлену тойы, беташар, тұсаукесер, сүндет той, мүшел жас – бәрі сонда өтеді. Ол барынша қалта қағады. Уайымдатады. Ақыры, 5-6 сағатта зу етіп өтеді. Қонақтардың әкелген тойанасынан өз-өзін жауып жатады. Кейде жетпей де қалады. Ондайда шара жоқ. Өз қалтаңыздан қосасыз. Ең бастысы, ым-жымсыз өтсін дейсіз.

Біздіңше, мейрамханаларды бір ретке келтіретін кез жетті. Қазір әркімнің қолында смартфон бар. Сол арқылы барлығын көріп-біліп отыр. Көздің жауын алатын сәттер қалыс қалмайды. Олигархтар жасаған тойлар қарапайым халықтың жүйкесін қоздырып, қанын сүліктей сорууда. Қазақта «Аттылыға ерем деп, жаяудың таңы айрылыпты» деген сөз бар. Осылайша байларға ұқсап бағатындар жетерлік. Әр қазақтың ағайын-жекжаты, таныс-тамыры, дос-жараны, аралас-құралас адамы көп болады. Орташа

тарымен соттасып, дауласа қоймас. Инфляция шарықтаған тұста біраз жағдайды алдын ала ойластырған абзал.

ЫСЫРАП КӨБЕЙІП БАРАДЫ

Кейде тойдың дастарханына қарап тоясыз. Дәулетті адамдар Атлант мұхитынан акуланың етін, теңіз қапустасын, дала саңырауқұлағын, тағысын-тағы тәтті, дәмділерді қояды. Шетелден әйгілі аспаз жалдайды. Осыдан біраз бұрын Шымкентте салмағы 3 тонна болатын төрт пісірілді. Оны арнайы көлікке ұқсаған құрылғымен кіргізді. Құдды бір «Рапунцель» ертегісінде жүргендейсіз. Бәрі таңтамаша. Мақұл, күдіретін жетсе жаса. Алайда, аста-төк қыла көрме.

Тойларда ас-ауқат үсті-үстіне келеді. Кемінде екі рет тамақ береді. Өртүрлі сусындармен қатар, қымыз, қымыран қояды. Торт тарқатады. Тәтті-дәмділермен дастархан толады. Кейбірінікін жұпыны деп сынады. Осының бәрін бірне-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Темірлан ӘШИМ,
асаба:



ҚОСЫМША ТАБЫС КӨЗІ САНАЙМЫН

Студент кезімнен асаба болып бастадым. Тойға шығып жүрдім. Біраз нәрсені үйрендім, көрдім. Той басқарудың жөнін ұғып келеміз. Өзімнің негізгі мамандығым – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Магистр дәрежесін де қорғағанмын. Кітапқа жақынмын. Мектепте мұғалім болып қызмет етемін. Той жүргізу – қосымша табыс көзі. 25 жастан асып барамыз. Үйлену керек. Сол мақсатпен асабалықпен де айналысамын. Жуықта Алма сити-4 тұрғын үй кешенінен 3 бөлмелі пәтер алдым. Әрине, іші толық бітпеген. Соған жөндеу жұмыстарын жасауға, үйленуге қаржы жинадым. Құрылысын бітіріп, кіріп алдым. Бәрі ақшаға келіп тіреледі. Сондықтан өзіміздің жәгіттермен бірге қосымша асабалық қызмет атқарамын. Той жеіі бола бермейді. Кейбір атағы дардайлар Instagram, YouTube арқылы өзіңді жарнамала дейді. Ол үшін арнайы видеоролик түсіріп, күндіз-түні пиярмен айналысу қажет сияқты. Әлеуметтік желіні қолданамыз. Тапсырыс қабылдаймыз. Әйтеуір керек адам тауып алады. Той иесі де алдын ала жөн-жосбасын айтады. Соған сай іс қыламыз. Шүкір бәріне!

Абылайхан МЫРЗАЕВ,
зейнеткер:




ӘР ШАҢЫРАҚТА ТОЙ БОЛСЫН!

Бұйырса, келер жылы 70 жасқа толамын. Мерейлі жас. Өмірде талай істі атқардық. Совет жамысын істедік. Төрт түлікті түлеттік. Біраз шаруа атқардық. Бүгінде бейнеттің зейнетін көрудеміз. Әлі де болса тірлікпен қол үзбедік. Бала-шаға бағып, солардың қызығын көрсек деген ниеттеміз. Әлгінде 70 жас туралы текке айтпадым. Ел-жұрт, ағайын-туыс, көрші-қалаң, дос-жаранды жинап мерейтой жасағымыз келеді. Ұл-қыздарым уәде етіп жүр. Аманшылық болса, ол күннің де ауылы алыс емес. Ұлан-асырға жеткізбесек те, тап-тамаша көңіл күйде ет жақындарға той берсек деген ойдамыз. Адам болған соң, жақсылықты көп көргісі келеді. Өмірдің қызығы той-жыын деп ұғамыз. Қалтаға қарап, күйбең тіршіліктен аяп жүре берсең, уақыт өте береді. Әр шаңырақта той болсын!

ше сағатта жеп тауысып, тып-типыл ету қиын. Баршасы бірдей саркыт алмайды. Көбісі оған мұқтаж да емес. Ар-ұят санайтындар табылады. Аяққа басылып, тамақ рәсуа болып жатады. Оны ішіп алған, мас адамдар аяғымен басады. Қызу би болғанда жұрттың үстіне төгіліп, мазаны қашырады. Осы нәрсе үнемі айтылып жүр. Алайда,

түгендеп тұрады. Жастар екі сөздің басын құрай алмай орысша-қазақша шатып кетеді. Көпшілік орында көше жарғонымен сөйлеп отырады. Мұнысы көз бен құлаққа оғаш. Өйткені, тойға жас та, жасамыс та келеді. Тілекке ұзын-сонар кезекке жазылуды қоятын кез жетті. Атын атап, түсін түстемесен, кедірейіп, одырайып шықпай қалады. Жалпы



ысырапқа жол беріп жатырмыз. Осыны реттейтін кез жетті.

ҰЯТҚА ҚАЛЫП, ӘДЕПТЕН ОЗБАЙЫҚ

Көптің ашу-ызасына тиетін нәрсе бар. Ол – жөнсіз сөз, әдепсіз қылық. Онсыз да жүйкесі жұқарған жұрттың титығына тимеген жөн. Ешкім ерігіп жүрген жоқ. Әсіресе, асаба қауымына той тікелей қатысты. Себебі, той тізгіні сонда. Той иесі ұйымдастырып, бар-жиган тергенін соған береді. Асаба болса аузына келгенін айтып, қонақтардың кем-кетігін бетіне баспауы шарт. Ұятсыз сөздер айтып, күлдірем деп, бүлдіріп жатады. Егер өзіңізді біреу кекетіп-мұқатып тұрса, сізге жаға ма? Әрине, ұнамайды! Сондықтан осыны ескерейік.

Тілек айтудың да жөні бар. Әсіресе, көсемсіп, көреген болып, шешенсіп сөйлеп, ығырды шығаратындар бар. Тарихтың аргы-бергі тұсын қытып, ата-бабасын мақтап, кейде қыз жақты күндеп, ұл жақты

жұртпен, рет-ретімен атаған соң, сынап-мінемей, тып-тыныш, қысқа-нұсқа сөйлеп, бақыт тілегенге не жетсін?!

Би алаңы жын ойнаққа айналып барады. Қария селтендеп жастармен жарысады. Жігіт пен қыз құдды бір түнгі клубта өнер көрсетіп жатқандай билейді. Барын көрсетіп, әуретті жерін жалаңаштап, бұлтындап-шошандап жүлқынады. Жер тепкілеп, назарды өзіне бұрғысы келеді. Арнайы жалданған бишілермен қарапайым қонақтарды жарыстырады. Әлбетте, көңіл көтерген дұрыс. Алайда, шектен шықпаған абзал. Өз қылығыңыз өзіңізге әсем, өзгелерге ыңғайсыз болып жүрмесін.

ТҮЙІН:

Тойға дейін де, тойдан кейін де әп-әдемі жүре беруге жазсын!



ЖОБА

ЖАСАНДЫ
ИНТЕЛЛЕКТқазақша ым-ишара
тілін түсінеді

Қоғамда туа бітті саңырау, әрі сөйлей алмайтын балалар өте көп. Ең қиыны, олардың нені меңзеп тұрғанын ешкімнің түсіне алмауы. Міне, ғалымдарымыз осындай қиындықтарды сәл де болса жеңілдететін жобаны ойлап тапты. Жасанды интеллект көрінеді. Отандық ғалымдардың сөйлеу және есту қабілеті бұзылған адамдарға арналған бірегей жобасының арқасында қазақ тіліндегі ым алфавитін түзуге мүмкіндік туады.

Бұл тұрғыда «ым тілінде көрсетілген сөздерді мәтінге түрлендіріп береді. Әрі қарай сол мәтінді біз сөйлемге түрлендірумен айналысамыз. Есептің осы жағын шешкен соң, біз екінші жағын шешумен айналыстық. Қазір 3D аватар жасау барысындамыз. Оқытылған модельдерімізді 3D аватарға енгізу арқылы біз табиғи тілдегі сөзді ым тіліне генерациялаймыз», – дейді Л.Гумилев атындағы ЕҰУ жасанды интеллект технологиясы кафедрасының аға оқытушысы Нұрзада Амангелді.

Теңдесі жоқ жоба туралы Нұрзада Амангелді әлемдік рейтингі жоғары журналдарға 3 мақала жариялап, оның бірегейлігін дәлелдеген екен. Өнертапқыш ерекше қажеттілігі бар адамдардың мемлекеттік мекеме, білім беру және медицина нысандарында қысылмай қызмет алуына жол ашылады деп отыр. Әрине, ол үшін жобаны коммерцияландыру керек. Ендігі жерде ғалым «Ғылым қорының» конкурсына 4 өнім ұсынып, грант алуды көздеуде. Аталмыш жобаның өзектілігін «Саңыраулар қоғамы» да мойындап отыр. Өйткені, елімізде сөйлеу және есту қабілеті бұзылған 32 мың адам бар.

БӘРЕКЕЛДІ!

ТАЛАНТТАР ТАРТУУЫ

Қазақтың өнерлі жастары Лондонда өткен
халықаралық байқаудан бас жүлдемен оралды

Еліміздің өнерлі жастары Лондонда өткен халықаралық «GOLDEN Time talent» байқауына қатысып, бас жүлдемен оралды. Алыстағы шетел сахнасында қазақтың қобызшы мен домбырасынан төгілген күй шалқып, тыңдаушылар таланттардың өнеріне тәнті болды.

Әлемдегі ең беделді байқаулардың біріне айналған «Golden Time» 2017 жылдан бері тұрақты өткізіліп келеді. Бір қызығы, аталмыш байқауға қатысу үшін күн сайын 500-ден астам өтініш келіп түседі екен. Биыл байқауға 21 мемлекеттің өнерлі жастары қатысып, үш мың үміткер бағын сынады. Биыл Қазақстанның намысын қорғау үшін қатысқан қобызшы Әсел Қыдырмұрат пен қос домбырашы Әсет Рысқали, Темірлан Смағұл байқаудың Гран-приіне ие болды. Талғампаз тыңдармандар мен әділқазылар дуэт болып орындаған қос күйші мен қобызшы қыздың өнеріне қайран қалды.

– Екі аспапта ойнап жатса да, бір адам орындап жатқандай әсерде болдық. Мұндай шеберлік кәсіби өнер иелерінде ғана кездеседі, – дейді әділқазылар.

– Шетелдіктер біздің ұлттық киімімізге қатты қызықты. Менің бір байқағаным, шетелдік көрермендер сахна



АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ

ЗАМАНАУИ БАЛАБАҚША АШЫЛДЫ

Бостандық ауданындағы мектепке дейінгі ұйымдарда орын тапшылығын азайту мақсатында Алматы қаласы әкімдігі мен құрылыс компаниялары арасында жасалған меморандум аясында салынған №189 мемлекеттік балабақша ашылды.

«Акварель» тұрғын үй кешенінің бірінші қабатында орналасқан балабақша 300 орынға есептелген. Жаңа балабақша балалардың денсаулығын, ой-өрісін, ойлануы мен логикасын дамытуға арналған заманауи құрылғылармен толығымен жабдықталған.

Сонымен қатар, жаңа балабақшада инклюзивті білім беру үшін барлық жағдай жасалған. Мұнда заманауи «Робототехника», «Сенсорика», «Қолөнер» және «Монтессори» кабинеттері ашылып отыр. Ойын алаңдарында ойын кешендері мен көлеңкелі шатырлар орнатылған. Балалардың иммунитетін нығайту мақсатында «түз шахтасымен» де жабдықталған. Балалардың



қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бейнебақылау жүйесімен жабдықталған.

Алматы қаласы Білім басқармасының мәліметінше, мектепке дейінгі ұйымдарда орын тапшылығын төмендету бойынша қолға алынып жатқан жұмыстардың барлығы ерекше бақылауда. Ағымдағы жылдың басынан бастап қала бойынша 2630 орынды 46 жеке балабақша ашылса, ағымдағы жылдың соңына дейін 320 орынды 2 мемлекеттік және 2600 орынды 29 жеке балабақша ашу жоспарлануда.

Сондай-ақ, 2022 жылы 7179 орынды 109 балабақша, оның ішінде 120 орынды 1 мемлекеттік және 7059 орынды 108 жеке балабақша ашылды. Осылайша 2022 жылдан бері 10 109 орынды 156 балабақша ашылыпты.

Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтуды арттыру үшін жекеменшік балабақшаларда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурс өткізіледі. 2023 жылдың басынан бастап мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға 3801 орынға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға 2 конкурс өткізілді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Ағымдағы жылы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту мақсатында жыл соңына дейін республика бойынша 81 мың жаңа орын ашылады. Жалпы, қазіргі таңда еліміз бойынша 11 317 мектепке дейінгі ұйым жұмыс жасайды. Бұл бүлдіршіндерді мектепке дейінгі мекемемен қамту көрсеткішінің 89,1% екенін көрсетеді.

БАЛАҢЫЗДЫ
КЕЗЕККЕ
ҚОЙДЫҢЫЗ БА?

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, мектепке дейінгі ұйымға қабылдау жыл бойы жүргізіледі. Дегенмен, маусым айының өзінде Алматы, Астана қалаларында, Ұлытау, Қостанай, Маңғыстау облыстарында балабақшалардағы жаңа топтарды жасақтау аяқталып қойды. Тиісті сала мәліметінше, қалған өңірлерде бұл жұмыс қыркүйек айына дейін жалғасады. Жалпы, балаларды кезекке қою және жолдама беру электронды жүйе арқылы жүзеге асады. Ата-аналар балаларын кезекке қою үшін қажетті құжаттарды түгендеп өткізуге міндетті.

Мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау үшін келесі құжаттар талап етіледі:

- Қабылдауға арналған жолдама (берілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жарамды).
- Өтініш (Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларының 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша).
- Қызмет алушының жеке басын куәландыратын құжат (ата-аналарының бірінің немесе заңды өкілінің) немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат.
- Баланың туу туралы куәлігі немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаты.
- №065/е нысанды профилактикалық екепелердің картасы.
- №027/е нысанды анықтама.
- Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы (ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін).

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



САДАҚ АТУ



МЕРГЕНДЕР ЖАРЫСЫ БАСТАЛДЫ

Берлинде садақ атудан әлем чемпионатының жалауы көтерілді. Жан-жақтан жиналған мергендер сайысқа түсуде. Осылайша құралайды көзге атқандар анықталады.

24.kz хабарлауынша, байрақты бәсекеге Қазақстан ұлттық құрамасы қатысып жатыр. Германия астанасына дүние жүзінің 80 елінен 600-ге жуық спортшы жиналған.

Еліміздің намысын 12 мергеніміз қорғайды. Олар жарыстың 2 түрі бойынша сайысқа түспек. Садақ атудан әлем чемпионаты 2 жылда бір рет өтеді. Биыл халықаралық сайыс Германияда ұйымдастырылып отыр. Берлинге әр елдің ең үздік спортшылары жиналған. Олардың арасында алматылық Виктория Лян бар. Жерлесіміз спорттың бұл түрімен 11 жылдан бері айналысып келеді. Ұлттық құрама шеңберінде ірі халықаралық жарыстарға талай мәрте қатысқан. Германияда да жеңіс тұғырына көрінуді мақсат етеді.

— *Алғашқы іріктеуде 360 ұпайдың 350-ін жинадым. Бірақ екінші кезеңде ауа райы бұзылып, жақсы өнер көрсетуіме біршама кедергі болды. Жеңіске деген құлшыныс зор. Әрине, үнемі жеңіп отырғың келеді*, — деді садақ атудан Қазақстан құрамасының мүшесі Виктория Лян.

Виктория Лянмен бірге халықаралық сайысқа 12 спортшымыз қатысып жатыр. Олардың арасында тәжірибесі мол шеберлермен қатар жас таланттар да бар.

— *Мен біздің командамыздың ішіндегі ең үлкенімін. Спорттың бұл түрімен 2005 жылдан бері шұғылданамын. Биыл 18 жыл болады. Өте күрделі спорт. Техникалық, психологиялық және физикалық тұрғыдан өзіндік ерекшеліктері көп. Жарысқа Талдықорғанда күн ыстықта дайындалған едік, мында ауа райы өзгеше болып тұр*, — деді садақ атудан қазақстан құрамасының мүшесі Ақбарәлі Қарабаев.

Берлинде жарысқа қатысушылар қолайсыз ауа райына тап болды. Күн бұзылып, жауын жауып, жел соғуда. Жарыста бәсекелестік өте жоғары. Жалпы, садақ атудан әлемде Оңтүстік Корея, АҚШ, Италия, Нидерланд мергендері ең мықты саналады. Бірақ жеңіп шығуға мүмкіндік мол дейді құрамамыздың бас бапкері.

Бауыржан ЖОЛДЫБАЕВ,
Қазақстан құрамасының жаттықтырушысы:

— *Жалпы, дайындық жақсы болды, бірақ ауа райына қатысты кішкене балалар жақсы нәтиже көрсете алмады. Енді келесі күнге жақсылап дайындалып, командалық есепте жақсы өткіземіз деп ойлаймыз. Бұл садақ атуда көбінесе корейліктер, Еуропа елдері жақсы атады. Енді біздің команда әлі жас болғандықтан жәймен-жәймен жыл сайын, жарыс сайын жақсы нәтижелерге жетіп жатыр. Енді жақсы үміттеміз.*

Берлиндегі халықаралық сайыс осы аптаның соңына дейін жалғасады. Үздіктердің үздігі Париждегі Олимпиада ойындарына жолдама алады.

ШАХМАТ

Қазақ шахмат мектебі қалыптасып үлгерді. Оны барша әлем біліп қалды. Өйткені, біздің шахматшылардың жетістігі зор.

Ұлттық олимпиадалық комитеттің мәліметінше, 3–8 тамыз аралығында Ақтау қаласында Каспий теңізінің жағасында әлемде тұңғыш рет World Schools Team



Championship мектеп Әлем чемпионаты өтеді.

Чемпионаттың ерекшелігі — оған шахмат клубтары мен секцияларының тәрбиеленушілері емес, қарапайым мектеп оқушылары — шахмат әуесқойлары қатысады.

Әлем чемпионатын халықаралық және Қазақстандық шахмат федерациясы ұйымдастырады.

Турнирге 50-ден астам елден 400-ден астам шахматшы қатысады.

Чемпионатта Қазақстанның атынан еліміздің алты қаласынан 10 мектеп қатысады. Турнир Halyk Arena спорт сарайында өтеді.

ДЗЮДО



МЫҚТЫЛАР БЕЛДЕСІП ЖАТЫР

Венгрия астанасы Будапештте дзюдодан Masters беделді турнирі басталады. Оған ең білекті, жүректі дзюдошылар жиналды. Олар жүлделі орындар үшін белдеседі.

Сонымен қатар, Венгрия астанасында біз ең маңызды сұраққа жауап аламыз: тарихтағы ең атақты дзюдошымыз Елдос Сметов Олимпиада лицензиясы үшін күресін жалғастыра ма?

Қазіргі уақытта Олимпиадалық рейтингте 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде қызық жағдай қалыптасты. Бірден үш қазақстандық Олимпиадаға жолдама алды. Бірақ біреуі ғана бара алады! Және кімді таңдау керек? Спорттық принципті алатын болсақ, қазіргі таңда бұл Мағжан Шамшадин. Ол 1404 ұпаймен рейтингте 12-ші орында. Нұрқанат Серікбаев 1281 ұпаймен 17-ші орында. Бірақ Елдос Сметов өзінің «копикасында» 804 ұпай жинап, әзірге 24-ші орында тұр.

Сондықтан венгриялық шеберлерді Сметовтың соңғы мүмкіндігі деп санауға болады. Ол сәтсіздікке ұшырап, Шамшадин, мысалы, үздік үштікке енсе, үшінші Олимпиада арманымен қоштасуға мәжбүр болады.

ФУТБОЛ

Футбол – эмоциялық ойын. Ет қызумен арты жанжалға ұласып жатады. Қанша дегенмен, жанкүйерлер өзінің сүйікті ойыншысын көруге ынтық. Оның жеңгенін, қарсы қақпаға доп соққанын қалайды. Алайда, артық қызуқандылар көбіне ескерту алып қалады.

Загребтің «Динамо» Чемпиондар лигасының екінші іріктеу кезеңінде «Астанамен» қарымта ойында жанкүйерлерінің тәртібі үшін УЕФА-дан ресми түрде жазасын алды.

Чемпиондар лигасының келесі турының Грекия АЭК-ке қарсы матчтары қонақтардың жанкүйерлерінсіз өтеді. Бұл екі кездесуге де қатысты.

ХОККЕЙ

«БАРЫСҚА» БАС БАПКЕР БЕКІТІЛДІ

Олег Болякин «Барыстың» бас менеджері қызметін ресми түрде бастады, деп хабарлайды «Астана» клубының баспасөз қызметі.

57 жастағы маман — Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы. Ол элиталық дивизионға жетекшілік еткен және сол жерде тұруға ықтиярхат ұстаған Қазақстан жастар құрамасындағы жұмысымен танымал.

Олег Болякиннің де клубтық қызметте тәжірибесі мол. Бұған дейін ол біріншілікке алып келген павлодарлық «Ертіс», қарағандылық «Сарыарқа», Өскеменнің «Торпедосы», «Алматы» және ангарскінің «Ермак» командаларының бас бапкері болған.

Жаңадан келген бас бапкерге артылар үміт зор. Себебі, бүкіләлемдік хоккей сериясында «Барыс» командасының айыбын асқақ. Үнемі еліміздің атын әлемге дүркіретіп келеді. Көбіне жеңісті қолдан бермей барынша талпынып, биік белестерге қол созып барады. Сондықтан осы деңгейді құлдыратып алмау қажет.



ТӘРТІП САҚТАҒАН ЖӨН



Сондай-ақ, 15 тамызда Загребте өтетін екінші ойынға келушілерге билеттер сатылмайды», делінген «Динамо» сайтында.

Еске салайық, хорватиялық клуб Загребте өз алаңындағы жеңісінен кейін (4:0) сырт алаңда «Астананы» 2:0 есебімен ұтып, Чемпиондар лигасының үшінші іріктеу кезеңіне жолдама алған болатын.

Бұған дейін «Динамо» хорватиялық клубтың жанкүйерлері «Астана Арена» трибунасында алау жағып жібергені үшін

жазалануы мүмкін екені хабарланған болатын.

Бетті әзірлеген
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ЖАРНАМА

«Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 23 тамыздағы №272 бұйрығымен «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізудің, сондай-ақ коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтынушы жүйелері мен газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсетудің үлгілік шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 12 қарашадағы №117 бұйрығына өзгерістер енгізілді (02.07.2023 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен).

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы №532-IV Заңының 17-бабының 6-тармағына, сондай-ақ «Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы №96 бұйрығына сәйкес, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ атынан Алматы өндірістік филиалы тауарлық газды тұрмыстық тұтынушымен бөлшек саудада өткізу шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасуды және газеттің осы нөмірінде орналасқан Шарт негізінде жеке тұрмыстық тұтыну үшін тауарлық газды жеткізуді жүзеге асыруды ұсынады.

ТАУАРЛЫҚ ГАЗДЫ БӨЛШЕК САУДАДА ӨТКІЗУДІҢ ҮЛГІ ШАРТЫ	
Алматы қаласы (шарттың жасалған орны)	20___ жылғы «____» _____
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, (Астана қаласының Әділет департаменті, Есіл ауданының әділет басқармасымен 25.01.2007 жылы берілген заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама) бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталып, оның атынан 2023 жылғы 5 мамырдағы №53 сенімхат негізінде әрекет ететін ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Алматы өндірістік филиалының директоры А.Е.Сапаров бір тараптан және Тұрғын үйдің иесі , бұдан әрі «Тұрмыстық тұтынушы» деп аталатын _____ екінші тараптан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталып, төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.	
1-тарау. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	
1) Осы Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: 1) газ – тауарлық газ; 2) газ тұтыну жүйесі – газ тарату жүйесінен тауарлық газды қабылдауға, сондай-ақ оны отын ретінде пайдалануға арналған газ құбырлары (желілік бөлік) мен газ жабдығы кешені; 3) есеп айырысу кезеңі – жеткізілген газдың көлемі айқындалатын, берілген газ үшін өнім беруші мен тұрмыстық тұтынушы арасында өзара есеп айырысу жүргізілетін кезең. Есеп айырысу кезеңі бір күнтізбелік айды құрайды; 4) есепке алу аспаптары – мынадай функцияларды: газды өлшеуді, жинауды, сақтауды, оның шығысы, көлемі, температурасы, қысымы және аспаптың жұмыс уақыты туралы ақпарат көрсетуді орындайтын өлшеу құралдары мен басқа да техникалық құралдар; 5) жеткізу – газды бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызмет; 6) өнім беруші – «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Газбен жабдықтау туралы заң) белгіленген жағдайларда газды бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын тұлға; 7) смарт-картасы бар есепке алу аспаптары – тұрмыстық тұтынушы өзі төлеген газдың барлық көлемін пайдаланған кезде газ беруді жабатын салынған бекіте қлапанмен жаракталған смарт-карта арқылы ақы төлеу жүйесі бар газды есепке алу аспаптары; 8) тұрмыстық тұтынушы – тауарлық газды кәсіпкерлік қызметте пайдалану және оларды одан әрі өткізу мақсатынсыз, тұрмыстық мұқтаждар үшін сатып алатын жеке тұлға; 9) тұтыну нормасы – есепке алу аспаптары жоқ тұрмыстық тұтынушылар үшін өздері тұтыған тауарлық газдың орташа айлық көлемін көрсететін есептік шама. 10) Жеткізушінің өкілі – Жеткізушінің және (немесе) биллингтік компанияның қызметкері; 11) биллингтік компания – Жеткізушіге газ тұтынуды есепке алу, төлемдерді жинау және тұрмыстық тұтынушылармен абоненттік жұмыс жүргізу бойынша қызметтер көрсететін «Алматыгаз» «Абоненттік есептеу орталығы» ЖШС.	
2) Осы Шартта пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Газбен жабдықтау туралы заңға сәйкес қолданылады.	
2-тарау. ШАРТТЫҢ НЫСАНАСЫ	
3) Өнім беруші тұрмыстық тұтынушыға қосылған желі арқылы оның тұрмыстық тұтынуы үшін газды беруге, ал тұрмыстық тұтынушы осы Шарттың талаптарына сәйкес газ үшін ақы төлеуді жүргізуге міндеттенеді. 4) Газды тиісінше жеткізу үшін, оның ішінде тұрмыстық тұтынушы тарапынан – газбен жабдықтау жобасының, газ тұтыну жабдығына паспорттың, салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісінің, газ құбырын салу паспорттының, түпіндік және желдеткіш каналдарын тексеру актісінің, сондай-ақ газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсету шартының болуы газды жеткізу Шартын жасасу талаптары болып табылады. 5) Тұрмыстық тұтынушыны газбен қамтамасыз ету газ тарату желілері, газ пайдалану жабдықтары дұрыс техникалық жай-күйде болған кезде жүргізіледі. 6) Есепке алу аспабы, ал ол жоқ болған кезде тұтыну объектісіндегі бекіте құрылғысы (іске қосу краны) газды қабылдау-тапсыру пункті болып табылады. 7) Осы Шарт бойынша жеткізілетін газ Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарының талаптарына сай болуы тиіс. 8) Есепке алу мақсатында тауарлық газ көлемінің өлшем бірлігі үшін Цельсий бойынша 20 градус температурада және сынап бағананың 760 миллиметр қысымында бір текше метр газ қабылданады. Сыртқы ортаның параметрлері осы Шарттың 8-тармағында көрсетілгендерден өзгеше болған кезде, өнім беруші есепке алу аспабының паспортына не Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №491 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16429 болып тіркелген) бекітілген Газдың жұмыс параметрлерін стандартты жағдайларға келтіру жолымен корректорларсыз есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін қайта есептеу әдістемесіне сәйкес газдың жұмыс параметрлерін стандартты талаптарға келтіру жолымен корректорларсыз есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін қайта есептеуді жүзеге асырады.	
3-тарау. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	
9) Өнім беруші: 1) алынатын газ үшін тұрмыстық тұтынушы дұрыс төлем жүргізген және	

осы Шарттың жағдайлары сақталған жағдайда тұрмыстық тұтынушыға арналған мөлшерде қажетті талап етілетін сапалы газды үздіксіз беруді жүзеге асыруға;
2) газ тұтынуды есепке алуға, сондай-ақ осы Шартпен көзделген міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге;
3) тұрмыстық тұтынушының жабдықтың қуатын ұлғайту және қосымша газ жабдығын орнату үшін техникалық шарттарды алуға, газбен жабдықтау схемасын техникалық жағынан күрделі емес объектілер үшін 2 жұмыс күні ішінде, техникалық жағынан күрделі объектілер үшін 5 жұмыс күні ішінде өзгертуге жазбаша өтінішті мәні бойынша қарауға;
4) қауіпсіз, авариясыз және үздіксіз газбен жабдықтауды қамтамасыз етуге және газды қабылдау-тапсыру пунктіне дейін газдың қысымын ұстауға;
5) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы газ бағасының өзгергені туралы ақпаратты тұрмыстық тұтынушының назарына жеткізуге;
6) бақылау мақсатындағы тексерулер кезінде тұтынушыға көрсетілетін қызметтік куәліктермен өз қызметкерлерін қамтамасыз етуге;
7) тұтынушы берген өтініштің және басқа да растаушы құжаттардың негізінде тұратындардың санын өзгертуді, өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеруді жүргізуге;
8) тұрмыстық тұтынушыға тұтынылған газдың мөлшері және есеп айырысу кезеңі үшін төлем мөлшері туралы мәліметтерді қамтитын қағаз немесе электрондық түрдегі шот-хабарламаларды ай сайын ұсынуға;
9) есепке алу аспабын тексеру мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік алпыс күн бұрын тексеру қажеттілігі туралы тұрмыстық тұтынушыны хабардар етуге;
10) жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу және жаңа тұтынушыларды қосу үшін тауарлық газ беруді тоқтатқанға дейін 48 сағаттан кешіктірмей тұтынушыны ескертуге міндетті.

10. Тұрмыстық тұтынушы:
1) осы Шарттың талаптарына сәйкес газ үшін ақы төлеуді жүргізуге;
2) газ тұтыну жүйелерін, түпіндік және желдеткіш каналдарын, оның қарамағындағы газ желілерінің ұсаскелерін қауіпсіз пайдалануды, түпіндік және желдеткіш каналдарын уақтылы тексеруді және тазартып тұруды қамтамасыз етуге;
3) өнім берушінің өкілдеріне қызметтік куәліктерін көрсеткен кезде есепке алу аспаптарын, газ жабдығын, тұрып жатқандардың саны жөніндегі деректердің дұрыстығын және салыстырып тексеру туралы жарамды сертификаттың бар екенін тексеру үшін газ тұтыну жабдықтарына, газ желілеріне және есепке алу аспаптарына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге;
4) өзіне тиесілі газды есепке алу аспаптарының сақталуына, техникалық жай-күйіне және салыстырып тексерілуіне, сондай-ақ өнім беруші жүзеге асырған оның пломбалуының бүтіндігіне жауапты болуға;
5) өнім берушінің техникалық талаптарын алғаннан кейін ғана газбен жабдықтау схемасын өзгертуді, тұтыну көлемін ұлғайтатын жабдықты және қосымша газ жабдығын орнатуыды және іске қосуды жүргізуге;
6) газ тұтыну көлеміне және оған ақы төлеуге (тұрып жатқандар санының өзгеруі, жылытылатын ауданның мөлшері, газ жабдығының қуаты) әсер ететін деректердің жай-күйі және болған өзгерістер туралы өнім берушіні жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Тұрмыстық тұтынушы болған өзгерістер және есепке алу аспабынсыз газды тұтыну, оның жарамсыз екені не газ жабдығының параметрлеріне сәйкес келмейтіндігі туралы хабарламаған жағдайда, тұтынылған газдың көлемі өнім берушеде бар деректер бойынша есептеледі. Бұл ретте газ үшін қайта есептелер тұрмыстық тұтынушы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, тиісті өтінішті берген сәттен бастап жүзеге асырылады
7) осы Шарттың талаптарына сәйкес газды оның тікелей мақсатына қарай ұтымды пайдалануға;
8) паспорт деректеріне сәйкес оны пайдалану мерзімінен асып кеткен кезде, газ жабдығын ауыстыру бойынша шаралар қабылдауға;
9) пломбаның зақымданғаны немесе бүтіндігінің бұзылуы, есепке алу аспабының ақауы немесе тоқтауы анықталған кезде газ тарату ұйымына немесе топтық резервуар қондырғысының иесіне осындай ақаулық анықталған немесе бұзылған күні осы факт туралы дереу хабарлауға міндетті.

11. Өнім беруші:
1) уақытылы және толық мөлшерде газ үшін ақы алуға;
2) газдың тұтынылуын есепке алуды жүзеге асыруға;
3) қранды қосатын жерден жауып, одан әрі пломба салып немесе тұрмыстық тұтынушыны алдын ала хабардар етпей, дөңсереуі үшін ажырату арқылы газ беруді тоқтату үшін негіз болған себептерді жойғанға дейін тұрмыстық тұтынушыға газ беруді мына жағдайларда тоқтатуға:
тұрмыстық тұтынушы пайдаланылған газ үшін ақы төлеу тәртібін бұзған кезде, қызметтер көрсетуді тоқтата тұрғанға дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын тұрмыстық тұтынушыны алдын ала хабардар ете отырып, тұрмыстық тұтынушыны кемінде күнтізбелік 5 күн бұрын мынадай жағдайларда:
– өнім берушінің техникалық шарттарын алмай-ақ газ желілерін қайта жабдықтағанда;
– өнім берушінің өкілдерін қатарынан екі есеп айырысу кезеңі бойы газ жабдығына, газ құбыры мен есепке алу аспаптарына (олар болған жағдайда) жібермеген жағдайда алдын ала хабардар ете отырып;
тұрмыстық тұтынушыны алдын ала ескертпей, мынадай жағдайларда:
– тұтынушы газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздік талаптарын бұзса;
– газды заңсыз тұтынуға әкеп соққан газбен жабдықтау жүйесіне өз бетінше және/немесе заңсыз қосылса;
– газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің техникалық ақауы болса газ беруді тоқтатуға құқылы.
Газ беруді тоқтату (шектеу) туралы хабарлама тұтынушыға электрондық поштамен, пошта жөнелтілімімен, қысқа мәтіндік хабарламамен, мультимедиялық хабарламамен, қолданыстағы мессенджерлермен не хабархаттың немесе шақырудың тіркеліп-бекітілуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланыла отырып жіберіледі.
Тұрмыстық тұтынушыны газбен жабдықтауға қосу пайдаланылған газ үшін қарызды, тұрақсыздық айыбын және газбен жабдықтауды ажырату және қосу жөніндегі көрсетілген қызметтер үшін ақы толық төлегеннен кейін жүргізіледі;
4) ажыратқанға дейін кемінде 48 сағат бұрын тұтынушыны алдын ала хабарлар ете отырып газ құбырларындағы жөндеу-алдын алу жұмыстарын жүргізген кезде, сондай-ақ азаматтардың денсаулығына, өміріне, мүлкіне, қоршаған ортаға қауіп тудыратын авариялардың алдын алу және жою жөніндегі шұғыл шараларды қабылдау үшін тұрмыстық тұтынушыға уақытша газ беруді тоқтатуға;
5) газ жабдығы, есепке алу аспабы, жылытылатын алаң, тұратын адамдардың саны, құрылыстардың бар-жоғы туралы мәліметтер, сондай-ақ газды есепке алу және газ тұтынуда көрсетілетін деректер алуға құқылы.

12. Тұрмыстық тұтынушы:
1) осы Шартта ескерілген, белгіленген сападағы газ алуға және пайдалануға;
2) заңнамада белгіленген тәртіппен және осы Шарттың талаптарына сәйкес газдың бағасы туралы ақпарат алуға;
3) есепке алу аспабы болмаған кезде алдын алу және жөндеу жұмыстарын жүргізуге кеткен уақыттағы үзілістер үшін газға ақы төлеуді жүргізбеуге;
4) көп қабатты тұрғын үйдің сенімді тұлғасы арқылы кондоминиум объектісін басқару органы мен өнім беруші арасындағы ынтымақтастық шартын жасасуға;
5) өнім берушімен қағаз жеткізгіште шарт жасасуға құқылы.

4-тарау. АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ
13. Тұрмыстық тұтынушы газ үшін төлемді ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 25-іне дейінгі мерзімде жүргізеді.
Смарт-картасы бар газды есепке алу аспабын пайдаланған кезде газ үшін ақы төлеу өнім берушінің шотына қажетті газ көлемінің құнын аудару жолымен жүргізіледі.
14. Есепке алу аспабының көрсеткіштерін өнім берушінің өкілдері тұрмыстық тұтынушымен бірлесіп ағымдағы айдың жиыrmасынан кейінгі мерзімде алады. Пәтерде немесе жеке үйде тұратын тұрмыстық тұтынушының кінасінен екі есептік кезең ішінде пәтерде немесе жеке үйде орналасқан есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу мүмкін болмаған кезде, өнім беруші тұрмыстық тұтынушының есепке алу аспабының нақты деректері бойынша кейіннен қайта есептеу арқылы көрсетілген кезең үшін газ тұтынуды тұтыну нормасы бойынша есептейді.
15. Есепке алу аспабының жарамсыз екені анықталған кезде тұтынылған газды есептеу соңғы тексеру жүргізілген күннен бастап анықталған күнге дейінгі, бірақ тұрмыстық тұтынушы жүргізген төлемді ескере отырып, екі айдан аспайтын кезең үшін қолданыстағы газ тұтыну нормалары бойынша жүргізіледі.
16. Тұрмыстық тұтынушының есепке алу аспабын тексеру мерзімі өткен жағдайда тұтынылған газ көлемі үшін есеп айырысу тексеру мерзімі өткен күннен бастап қолданыстағы тұтыну нормасы бойынша жүргізіледі. Есепке алу аспабының көрсеткіштері бойынша қайта есептеу тексерудің оң нәтижелері болған жағдайда, бірақ алты айдан аспайтын мерзімге жүргізіледі.

5-тарау. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
17. Газ үшін ақы төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған тұрмыстық тұтынушы қарызды толық өтеген сәтке дейін әрбір мерзімі өткен күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің қайта қаржыландыруының 1,5 еселік мөлшерлемесі көлемінде тұрақсыздық айыбын төлейді, бірақ тұрақсыздық айыбының сомасы газ үшін ақы төлеу жөніндегі берешек сомасының он пайызынан артық болмауға тиіс.
18. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы №96 бұйрығымен бекітілген Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9936 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қағидалар) 36-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген бұзушылықтар кезінде өнім беруші Қағидалардың 47-тармағының 1) тармақшасына сәйкес газдың шығысын қайта есептеуді жүргізеді.
19. Өнім берушінің өкілі осы Шарт бойынша тұрмыстық тұтынушы жіберген бұзушылықтар туралы актіні екі данада ресімдейді, олардың бірі тұрмыстық тұтынушыға беріледі. Актіге техникалық құралдарды қолдана отырып, бұзушылықтар (фото – және/немесе бейнетіркеу) тіркелген жағдайда, тұрмыстық тұтынушы оған қол қоюдан бас тартса да акт жарамды болып табылады, бірақ ол туралы жазба жазылады.
20. Тараптардың өз міндеттемелерін орындамауына әкеп соқтырған еңсерімейтін күш салдарынан (дүлей зілзалалар, апаттар, төтенше жағдай режимін енгізу, халықаралық шарттың қолданылуын бұзу/тоқтата тұру, газ тасымалдау жүйесіндегі авария) туындаған мән-жайлар себепінен осы Шарттың талаптарын орындамағаны үшін Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

6-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР
21. Шарт оны жасасқан сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады және газ тұтыну жүйелерін пайдалану кезеңінде, ал есеп айырысулар мен қаржылық міндеттемелер бойынша – олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.
22. Тұрмыстық тұтынушы өнім берушіні кемінде күнтізбелік 30 күн бұрын жазбаша хабардар еткен кезде және пайдаланылған газға төлемақы, төлем құжаттарында көрсетілген кезде – араласқаны, өз бетімен қосылғаны үшін өсімақы, есептеулер толық төленген жағдайда біржақты тәртіппен осы Шартты бұзуға құқылы.
23. Осы Шарттағы даулы мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілмеген кезде даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАНДЫ МЕКЕНЖАЙЫ:	
Жеткізуші:	Тұрмыстық тұтынушы:
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 12-ғимарат BSN 020440001144 ЖҮК ЖӨНЕЛТУШІ Алматы өндірістік филиалы Мекенжайы:050040, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280, «Almaty Towers» БЮ, Оңтүстік мұнара, 17-қабат Телефон/факс 8 (727) 331-70-03 e-mail pr@almaty.ktga.kz BSN 141241004421 Банктік деректемелер: KZ226010131000264942 Банктің атауы: «Қазақстан Халық банкі» BSK BIK HSBKZZKX Алматы ӨФ директоры_____	Аты-жөні Мекенжайы: _____ ЖСН _____ Телефон _____ e-mail _____ жеке куәліктің № _____ берілген
САПАРОВ А.Е.	Тұрмыстық тұтынушы Аты-жөні _____

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

2023 жылы 10 тамызда, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Брусиловский көшесі, 15 мекенжайдағы «№34 гимназия» КММ-де Алмалы ауданының әкімі А.Е.Жәкібаевтың халықпен кездесуі өткізіледі.

Жиынға қалалық Мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, прокуратура қызметкерлері және аудандық басқарма өкілдері қатысады.

Тұрғындардың өзекті толғандырған мәселелері бойынша ұсыныстарын жинау әлеуметтік желілер WhatsApp – 8 708 683 02 94, Instagram – akimat_almaly, Facebook – akimatalmaly, Twitter – akimat_almaly, Алмалы ауданы әкімі аппаратының WEB-сайты арқылы және 313-31-08, 313-31-12 телефондары арқылы жүргізіледі.

ЖАРАМСЫЗ

Сержанов Ерлан Абылаевичтің атына берілген НАО «МУК» университетінің 5024 топ студенті» студенттік билеті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
Ұялы телефон: 8 707 868 84 61.

СЫНАҚ ЖҰМЫСТАРЫ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КӘСПОРЫНДАРЫ МЕН ҰЙЫМДАР БАСШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!
2023 ж. 8 тамызда, сағат 06.00-ден сағат 07.00-ге дейін «АлЭС» АҚ Алматы А.Жакутов атындағы 2-ЖЭО-дан мекенжайы: Алматы к., Алатау ауданы, «Алғабас» ықш. ауданы, 7-көше, 130-үй БЖК Орталық тарату пунктінде дейін мекенжайы: Алматы к., Өуезов ауданы, Төле би к-сі, 308-үй Ду800 жылу магистралінде қайта гидравликалық сынақ жұмыстары жүргізіледі. Осыған байланысты «АлЭС» АҚ сынақ өтетін («Алғабас» ықш. ауданы, Аксайская к., Марғұлан к., Трудовая к., «Алтын бесік» ықш. ауданы, «Ақсай 3», «Ақсай 3А» ықш. ауданы, «Ақсай 3Б» ықш. ауданы, «Ақсай 2» ықш. ауданы, Саин к. (Төле би және Қабдолов к.), «Сайран» Орталық халықаралық автобекетінің батысына қарай (Саин к. мен Өтеген батыр к. аралығында) аумақтың барлық тұрғындарының жылу магистралінің ықтимал бұзылуы жағдайында ауыр жарақат алуды болдырмау үшін қауіпсіздік техникасын сақтауды сұрайды. Кәсіпорындар мен ұйым басшылары адамдарды сынақ өтетін жылу магистралінің аумағынан, ықтимал жазатайым жағдайды болдырмау үшін шығарсын. Қосымша мәліметтерді 8 (727) 227-70-21 нөмірінен алуға болады.

ЖАСӨСПІРІМДЕР СЕРГІП ҚАЛДЫ

Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемеде САӨПТЖБ 1-ші жасақ бастығы, әділет аға лейтенанты Сәбит Сәкенұлының ұйымдастырумен, кәметекте толмаған сотталғандар арасында шахматтан турнир өтті.

Турнирге 1-2-ші жасақ жастары қатысты. Сәбит Сәкенұлы тартысты турнир басталмас бұрын жазасын өтеп жатқан жасөспірімдерге шахмат ойынының шығу тарихы туралы әңгімелеп, шахматқа қатысты қызықты деректермен бөлісіп, балаларды бір сергітіп алды. Бұл ойынның адамның ойлау жүйесін жетілдіруге тигізетін пайдасы жайлы да тілге тиек етті. Жастар турнирге асқан қызығушылықпен, ынтамен қатысты. 1-орынды Е.Оржан қанжығаласа, 2-орынды С.Асан иеленді. Ал 3-орын Ж.Топановқа бұйырды. Жеміпаздар мекеме бастығының атынан «Алғыс хаттармен» марапатталды.

Осындай спорттық іс-шаралардың балалар колониясында жиі өтуі жасөспірімдерге жақсы көңіл күй сыйлайтынын айтып отыр мекеме өкілдері. Әрі жастар бос уақыттын тиімді пайдаланып, ойлау қабілетін шындай түсетіні сөзсіз. Иә, салауатты өмір салты кім-кімге де пайдалы. Спортпен тіпті түзеу мекемесінде де айналысуға болатынына осы бір іс-шара да нақты дәлел.

Нұр ЖАМАЛ.



«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіе мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 4 тамыздағы
№3/370-485 қаулысы

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ КЕЙБІР ҚАУЛЫЛАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің қаулыларына келесі өзгерістер енгізілсін:

1) №4/407-891 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2020 жылғы 28 желтоқсандағы:

2 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін болып белгіленсін»;
аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 21 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

21	Алдибекова Чолпан, Каипов Мәди Ерболатович, Кайпова Маржан Ерболатовна, Паванова Жамал Ерболатовна	20-322-004-044	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 40	0,0623
----	--	----------------	--	--------

2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2021 жылғы 17 наурыздағы №1/1-281 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:
аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 50 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

50	Керимхан Эльмира Керимовна, Абрахманова Айгуль Керимовна, Абдыкалыкова Бибигуль Керимовна	20-322-010-351	«Ветеран» бағбандық серіктестігі, 2А	0,0629
----	---	----------------	--------------------------------------	--------

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін болып белгіленсін».

3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2021 жылғы 10 маусымдағы №2/205-534:

реттік нөмірі 2 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін болып белгіленсін».

4) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2022 жылғы 17 маусымдағы №2/115-260:

2 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанға дейін белгіленсін»;
аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 39 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

39	Мамеков Рамиль Нодарович, Мамеков Руслан Нодарович	20-322-004-552	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 27	0,0436
----	--	----------------	--	--------

5) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2022 жылғы 21 қыркүйектегі №3/314-518:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 2 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

2	«Нұр City Invest» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-001-119	«Шұғыла» шағынауданы, Жүнісов көшесі, 2/11 учаске	жалпы – 2,2299 иеліктен шығарылатын ауданы – 0,0109
---	--	----------------	---	---

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

реттік нөмірі 5 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

5	Исмаилов Мұса Кенжеғалиұлы	20-322-002-023	«Шұғыла» шағынауданы, Әшірбек Сығай көшесі, 53 учаске	0,0622
---	----------------------------	----------------	---	--------

реттік нөмірі 13 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

13	Досымбеов Кеңес Жарасович	20-322-002-1140	«Шұғыла» шағынауданы, Кенжетас көшесі, 60/1 учаске	0,0476
----	---------------------------	-----------------	--	--------

реттік нөмірі 20 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

20	Мамедов Исмаил Балабекович	20-322-002-228	«Шұғыла» шағынауданы, Жуалы көшесі, 76	0,0600
----	----------------------------	----------------	--	--------

реттік нөмірі 27 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

27	Аннагиев Асиф Али оглы	20-322-002-276	«Шұғыла» шағынауданы, Тарған көшесі, 52	0,0985
----	------------------------	----------------	---	--------

реттік нөмірі 45 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

45	Дүйсен Нурбақыт	20-322-003-496	«Шұғыла» шағынауданы, Сұраншы батыр көшесі, 81	0,0800
----	-----------------	----------------	--	--------

реттік нөмірі 48 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

48	Юсупов Аширджан Насырович	20-322-003-519	«Шұғыла» шағынауданы, Сұраншы батыр көшесі, 83	0,1000
----	---------------------------	----------------	--	--------

реттік нөмірі 51 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

51	Овчаренко Любовь Павловна, Овчаренко Оксана Викторовна, Овчарико Богдан Романович	20-322-003-539	«Шұғыла» шағынауданы, Сұраншы батыр көшесі, 83	жалпы – 0.1200 иеліктен шығарылатын ауданы 0.0105
----	---	----------------	--	---

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласы әкімінің
міндетін атқарушы

А.ӘМРИН.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.

e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ОЙТАМШЫ



Сурет галлатордан алынды.

ЗӘУЛІМ ЗИРАТ өліге керек пе, әлде тіріге керек пе?..

*Біз мінген жүздеп пойыз
шағын стансадан өтіп бара
жатты. Елдімекеннен ұзай бере
зираттар көрінді. Арасындағы
ең зәулімі, алтын түстес
күмбезді күн көзімен шағылысып,
жарық-жұздық етіп алыстан-ақ
бірден көзге ұрды. Сондағы
кішкентай қызымның қойған
сауалы ғой:*

*– Анашым, бұл адам сонда осы
қайтыс болған кісілердің
ішіндегі ең мықтысы,
«главный» болған ба?
Мен қанелімде қайтарап
жасау таптай қалдым.*



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Қазақстан Мұсылмандары діни басқарма-сы бұдан былай бейіт басына зәулім сарай салып, марқұм үшін үлкен жерді алуға тыйым салмақ.

Басқарма жанынан ашылған «Қамқор-шапағат» орталығы бірнеше облыстың мәслихатына осындай ұсыныс жолдапты. Егер бұл ұсыныс депутаттар тарапынан қолдау тауып жатса, 20 аймақтағы зират заңдылығы өзгеруі мүмкін.

«Қабірге жерленген кісінің кім екенін айқындау мақсатында және жүргіншілер тарапынан тапталып, аяқасты болмауы үшін оған шағын белгі қоюға рұқсат. Құлпытас биіктігі 1 метр, ені 50 сантиметрден аспауға тиіс. Құлпытасқа марқұмның аты-жөні, туған жылы мен қайтыс болған уақыты жазылса жеткілікті. Құлпытасқа марқұмның суретін қоюға рұқсат етілмейді», – дейді «Қамқор-шапағат» орталығының директоры Мейрамбек Қабыбекұлы.

Ал біздің бұл тұрғыда көзқарасымыз бірден өзгере қояр ма екен? Кеше бір танысымыздың қайтыс болған әкесіне 5 миллион теңгенің құлпытасына тапсырыс бергенін естідік. Иә, бейіт салу бәсекеге айналып кеткені жасырын емес. Егер байқап жүрген болсаңыз, тірі адамда жоқ зәулім үйлер бар. «Алдараспандағы» Нұржан Төлендиевтің бұл туралы «евро мола» деп әжуалағаны еске түсе кетуі де заңдылық.

Дін өкілдері бейітті әспеттегеннен марқұмға келіп-кетер пайда жоғын айтады. Олардың айтуынша, қайта сол қаржыға жетім-жесірге көмек берген әлдеқайда абзал.

Осы сәтте осыдан бірнеше жыл бұрынғы, Талдықорған жақтың азаматы, имам Марат Қанатұлының айтқаны есіме орала кеткені. – Бейіт – барша адамның Жаратушы алдында тең екендігін, бай мен кедейдің, жас пен кәрінің, күшті мен әлсіздің бір-бірінен артық еместігін, имандылық секілді ізгі қасиеттермен ғана биік тұратынын көрсететін ғибрат мекені. Әке-шешені құрметінді тірісінде көрсеткен абзал. Ал өлгеннен кейінгі сарайдай ғып тұрғызған бейіт тек өзіңнің ауқаттылығыңды, өзінді көрсетіп тұрған мақтаншылығың!..

Байырғы кезде ересек адам бейітіне найза (сіндырылғаны да болуы мүмкін), әйел адамның бейітіне бақан, піспек немесе ұршық, қыз бейітіне арқан, уық, ал жас нәресте бейітіне бесік қойылған.

Бейіт, мола жанынан өткен атты жолаушы тоқтап, аялдамайтын жағдайда оң жақ аяғын үзінгіден шығарып бет сипай ниет еткен. Аяғын үзінгіден шығару ырымы «аттан түстім» дегенді білдіреді.

Қазір де зираттарды көрсек, міндетті түрде іштей дұға жасап, бет сипаймыз. Жеңіл көлікпен келе жатсақ, кейде арнайы тоқтап, ниет етеміз. Тіпті, жас балалардың да автобуста келе жатып бет сипайтынына сүйсініп қалатынымыз бар. Имандылық деген, міне, осы!

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

51 ЖАСЫНДА ЕГІЗ ТАПТЫ

Алматыда 51 жастағы әйел егіз тапты. Біреуі ұл, екіншісі қыз. Ол ӘЖҰ әдісіне жүтінген. Және бірінші рет ана атанып отыр. Қандай бақыт!



«Әйел жоспарлы түрде біздің №2 қалалық перинаталдық орталыққа түсті, тиісті дайындық іс-шаралары өткізілгеннен кейін кесарь тілігі жасалды. Операция асқынусыз сәтті өтті. Дүниеге салмағы 2589 гр қыз және 2345 гр ұл келді. Бақытты ана өзін жақсы сезінеді. Бөбектердің денсаулығы да жақсы», – дейді қалалық №2 перинаталдық орталық директорының орынбасары Қымбат Әбдірайымова.

Бақытта ана операциядан кейінгі төртінші күні үйге шығарылды. «Мен өз эмоциямды сөзбен жеткізе алмаймын. 50 жасқа дейін бала көтере алмадым. Жасанды (экстра-корпоральды) ұрықтандыру процесін мұқият тексеріліп, барлық ықтимал қауіпті анық-

тағаннан кейін бастадым. Бұл кезеңде қиындық туындады және жүктілік тек ӘЖҰ-ның үшінші сәтінде ғана жүзеге асты. Жүктілік кезінде менің жасымда созылмалы аурулардың өршуі жиі кездеседі, сонымен қатар, егіз жүктілікке байланысты асқынұлар қосылады – бұл екі есе ауыр болды. Сонда да мен бала сүюді армандадым. Ең үлкен арманым орындалды. Рахмет, ақ халатты абзал жандар!», – дейді әйел.

МАХАББАТ МУРАЛЫ

Алматылық азамат жарына ерекше сыйлық жасапты. Сыйлық болғанда, көпқабатты үйдің қасбетіне салынған мурал. Сұлу әйелдің бейнесі түсірілген бейнежазба TikTok бетінде жарқ етті.



Бейнежазбада бір-бірімен сөйлесіп тұрған ерлі-зайыпты өткен-кеткендерін еске алып тұр. Келіншегі жарының «Маған тұрмысқа шықшы, 25 жылдан кейін саған мурал салып беремін», – деген сөзін еске алды. Ал ері муралды қалыңдығына құда түскен үйдің қасбетіне салған.

– Сені осы үйден алып кеткенім есінде ме? – дейді күйеуі.

– Иә, мына жерден той көйлек киіп шығып едім, – деп жауап берді әйелі. Ерлі-зайыптының қуанышты сәттеріне ортақтасқан TikTok қолданушылары ақ тілектерін жаудырып жатыр. Мурал 25 мыңнан астам қаралым мен 2 мыңнан аса лайк жинаған.

Ерекше сезім құшағында қуанып тұрған әйел:

– Бұл мен туралы мурал емес, жалпы сүйіспеншілік және шынайы махаббаттың мәңгілік болатынын бейнелейтін мурал. Барлық аруға бақыт тілеймін, – деді.

АҚЫЛЫ БАР САҒАТ

Жамбылдық оқушылар адам өмірін құтқаратын сағат ойлап тапты. Бұл туралы мәліметті ҚР Оқу-ағарту министрлігі таратты. «Екінші жүрек» деп аталатын сағат инсульт, инфаркт және тағы да басқа талма аурулары бар науқастарға арналған. Ол иесінің жүрек соғысы мен қан қысымын бақылауда ұстап, адам өміріне қауіп төнген жағдайда белгі береді.



Бұл ақылды сағатты Жамбыл облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған лицейдің 9-сынып оқушысы Дулат Исабек пен 8-сынып оқушысы Адия Тұрсынбай ойлап тапқан. Сағатқа дене температурасын, қандағы оттегі пайызын, жүрек қағысын бақылап тұру функциялары енгізілген. Сондай-ақ, ол науқас құлап, қозғалыссыз қалған жағдайда туысына немесе «жедел жәрдемге» дабыл жібереді. Ең бастысы, науқастың мекен-жайын, жатқан жерін нақты көрсетеді.

«Науқастарға түрлі себептермен алғашқы көмек уақытынан кеш беріліп жататын кездер болады. Осындай жағдайлардың алдын алу және науқастарға көмектессек деген оймен алғашқы көмектің жедел келуін қамтамасыз ететін сағатты жасап шығардық», – дейді жас өнертапқыш Дулат Исабек.

Оқушылардың өнертабысын сынап көру үшін кардиолог пен пациенттердің портативті аппаратпен динамикалық бақылауы жүргізілді. Дулат пен Адия алдағы уақытта сағатты адамдардың үнемі тағып жүруіне ыңғайлы етіп жасау жолдарын қарастыруда.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

